Қоспадан оның компоненттерінің бірі айырылатын есептер - концентрацияға берілген есептердің аса маңызды бір түрі. Алайда, мектеп тәжірибесіне қарағанда, оқушылардың көпшілігінің мұндай есептерді шешудің қарапайым техникасын меңгермегендігін, есепте берілген және ізделінді шамалар арасындағы қатынастарды анықтау мен есепке сәйкес теңдеу құруда қиналатындығы байқалады. Біздің ойымызша, оның басты себептерінің бірі, математика пәні мұғалімдері тарапынан концентрацияға берілген есептердің бұл түрін шешудің тиімді әдістеріне жеткілікті көңіл бөлінбейді. Мақалада қоспадан оның компоненттерінің бірі айырылатын есептер концентрацияға берілген есептердің ерекше бір түрі ретінде қарастырылып, оларды шешудің стандартты емес, неғұрлым тиімді тәсілі ұсынылады.

**Түйін сөздер:** есеп, концентрацияға берілген есеп, қоспадан оның компоненттерінің бірі айырылатын есептер, есептің моделі, теңдеу, Пирсон әдісі.

*Аннотация*

Б.М. Косанов

Казахский национальный педагогический университет имени Абая, г. Алматы, Казахстан

## ЗАДАЧИ НА КОНЦЕНТРАЦИЮ, СВЯЗАННЫЕ С ВЫДЕЛЕНИЕМ ИЗ СМЕСИ ОДНОГО ИЗ ЕЁ КОМПОНЕНТОВ

Задачи на концентрацию, связанные с выделением из смеси одного из её компонентов – особый вид задач на концентрацию. Школьная практика показывает, что большинство учащихся плохо владеют простейшей техникой решения таких задач, затрудняются при определении верных соотношений между заданными и искомыми величинами на основе которых составляется соответствующее задаче уравнение. На наш взгляд, основной причиной этого является то, что со стороны учителей математики не уделяется должное внимание рациональным способам решения таких видов задач на концентрацию. В статье задачи, связанные с выделением из смеси одного из её компонентов рассматриваются как особый вид задач на концентрацию и предлагается нестандартный, наиболее рациональный способ их решения.

**Ключевые слова:** задача, задача на концентрацию, задачи на концентрацию, связанные с выделением из смеси одного из её компонентов, модель задачи, уравнение, способ Пирсона.

*Abstract*

## CONCENTRATION PROBLEMS ASSOCIATED WITH THE ISOLATION OF A MIXTURE OF ONE OF ITS COMPONENTS

Kossanov B.M.

Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan

Concentration problems associated with the isolation of a mixture of one of its components - special type of concentration tasks. School practice shows that most students do not know the simplest technique of solving such problems, find it difficult to determine the correct relationship between the given and the desired values on the basis of which the equation corresponding to the problem is made. In our opinion, the main reason for this is that teachers of mathematics do not pay due attention to rational ways of solving these types of problems on concentration. In the article, the problems associated with the separation of one of its components from a mixture are considered as a special type of concentration problems and a non-standard, most rational way of solving them is proposed.

**Keywords:** task, concentration challenge, model of task, equation, Pearson method, Concentration problems associated with the isolation of a mixture of one of its components.


Қоспадан оның компоненттерінің бірі айырылатын концентрация есептерін шешу мектеп оқушылары үшін математика курсына аса қиын мәселелердің бірі болып саналады. Бұл есептер мектеп математика оқулықтарында концентрация есептерінің арнайы, жеке бір түрі ретінде қарастырылмайды. Осы себепті оқушылар оларды концентрация есептерінің басқа түрлерімен жиі шатастырып алып жатады. Оның үстіне қосымша оқу-әдістемелік құралдарда бұл есептер күрделі химиялық формулаларға негізделген әдіс арқылы шығарылып көрсетіледі [1,2].

Біздің «Хабаршы-Вестник» журналының 2016 жылғы №1 және 2019 жылғы №2 сандарында жарияланған мақалаларымызда концентрацияға берілген есептерді мына сияқты негізгі төрт түрге бөліп қарастыру ұсынылған еді:

- 1) Екі қоспаны араластырып, жаңа қоспа алумен байланысты есептер;
- 2) Қоспағаоның компоненттерінің бірі қосылатын есептер;
- 3) Қоспадан оның компоненттерінің бірі айырылатын есептер;
- 4) Қоспалардың компоненттерінің ара қатынасына берілген есептер.

Бұл мақалаларда концентрация есептерінің алғашқы екі түрін Пирсон әдісі арқылы шешудің тиімді жолдары баяндалған болатын [3,4]. Енді концентрация есептерінің үшінші түрін осы әдіспен шешу мәселесін қарастырайық.

Айталық, қандай да бір қоспадан оның компоненттерінің бірі ажыратылып, жаңа қоспа алынды делік. Берілген қоспаны схемалы түрде бір тіктөртбұрыш, одан айырылатын компонентті екінші бір тіктөртбұрыш және осының барысында алынатын жаңа қоспаны үшінші бір тіктөртбұрыш ретінде кескіндеу арқылы есептің төмендегідей моделін алуға болады:



Сурет 1. Қоспадан оның компоненттерінің бірі айырылатын есептің моделі

Мұндағы  $P_1\%$  берілген қоспадағы қандай да бір заттың массалық үлесі, ал  $m_1$ ,  $x$  және  $m_ж$  – сәйкесінше, берілген қоспаның, одан айырылатын компоненттің және алынатын жаңа қоспаның массалары.

Сонда мынадай теңдік орындалады:

$$m_1(100 - P_1) - x \cdot 0 = m_ж(100 - P_ж).$$

Қоспадан оның компоненттерінің бірін айырып алу барысында алынған жаңа қоспаның массасы қоспа мен одан айырылатын компоненттің массаларының айырмасына тең болады,  $m_1 - x = m_ж$ . Ендеше,

$$m_1(100 - P_1) = (m_1 - x)(100 - P_ж).$$

Бұдан

$$\frac{100 - P_ж}{100 - P_1} = \frac{m_1}{m_1 - x}.$$

Қорыта айтқанда, қоспадан оның компоненттерінің бірі айырылатын есепті шешу негізінен алғанда, соңғы теңдеуді шешуге келіп тіреледі. Есепті шешу барысында бұл теңдеуді Пирсон әдісі арқылы құру үшін төмендегідей ретпен әрекет жасаған тиімді болады.

- 1) 1-жолға  $P_1$ -ді және біраз орын қалдыра отырып, оның тұсына  $m_1$  -ді жазады:

$$P_1 \qquad m_1$$

- 2) Астынан бір жол қалдырып, 3-жолға сәйкесінше,  $P_ж$  мен  $(m_1 - x)$  -ті жазады:

$$P_1 \qquad m_1$$


$$P_ж \qquad m_1 - x$$

- 3) 2-жолға, сол жаққа қарай ала отырып,  $P_1$  мен  $P_ж$ -ның ортасына 100 –ді жазады:


$$100\% \qquad P_1 \qquad m_1$$

$$P_ж \qquad m_1 - x$$

- 4)  $P_1$  мен  $m_1$ -дің арасына  $100 - P_ж$  айырмасын, ал  $P_ж$  мен  $(m_1 - x)$ -тің ортасына  $100 - P_1$  айырмасын тауып жазады:



5)  $100 - P_{ж}$  және  $100 - P_1$  айырмаларының және  $m_1$  мен  $(m_1 - x)$ -тің араларына бөлшек сызығын қойып, алынған бөлшектерді теңестіреді:



6) Алынған соңғы теңдеуді шешеді.

Енді қоспадан оның компоненттерінің бірі айырылатын кейбір есептерді осы әдіспен шығарып көрсетейік.

*1-есеп.* 90%-тік суы бар 100кг массада 80%-тік судан тұратын масса алу үшін қанша суды құрғату керек?

*Шешуі.* Есеп шарты бойынша, 90%-тік суы бар қоспа берілген. Ендеше, қоспаның екінші компоненті 10% -ті құрайды. Қоспадан оның компоненттерінің бірі болып табылатын су айырылады, ол - 100%. Жаңа қоспа 80%-тік судан тұрады, демек, ондағы екінші компонент 20%. Сонымен есептің моделін былай кескіндеуге болады:

| Қоспа |            | Жаңа қоспа |             |
|-------|------------|------------|-------------|
| Су    | Құрғақ зат | Су         | Құрғақ зат  |
| 90%   | 10 %       | 100 %      | 0%          |
| 100кг |            | Хкг кг     | (100 - x)кг |

*Сурет 2. Есептің моделі*

Есепке сәйкес теңдеу құру үшін ретпен әрекет жасау керек.

1) 1-жолға 90% -ті, біраз орын қалдыра отырып, оның тұсына 100-ді жазамыз:

$$\begin{array}{cc} 90\% & 100\% \end{array}$$


2) Астынан бір жол қалдырып, 3-жолға сәйкесінше, 80% пен  $(100 - x)$  - ті жазамыз:

$$\begin{array}{cc} 90\% & 100 \\ 80\% & 100 - X \end{array}$$


3) 2-жолға, сол жаққа қарай алып, 90% пен 80% -тің ортасына 100% - ті жазамыз:

$$\begin{array}{cc} 90\% & 100 \\ 100\% & 80\% \\ & 100 - x \end{array}$$

4) 9% пен 100-дің арасына  $(100 - 80)$ , ал 80% пен  $(100 - X)$  -тің ортасына  $(100 - 80)$  айырмаларын жазамыз, сонда:



5)  $(100 - 80)$  және  $(100 - 90)$  айырмаларының және 100 бен  $(100 - X)$ -тің араларына бөлшек сызықтарын қойып, алынған бөлшектерді теңестіреміз:



б) Пропорция түріндегі соңғы теңдеуді шешеміз. Сонда:


$$\frac{20}{10} = \frac{100}{100-x}; \quad \text{Бұдан } 200 - 2X = 100, \quad X = 50.$$

Жауабы: 50 кг.

Келесі есептерде орындалатын әрекеттерді бір ғана жол етіп жазумен шектелеміз.


2-есеп. Массасы 0,5 т целлюлозаның 85% - і су. Құрамында 25% целлюлоза болу үшін қанша суды құрғату керек?

Шешуі. Жаңа қоспа алу үшін берілген қоспаға оның компоненттерінің бірі болып табылатын су айырылады, ол-100%. Жаңа қоспадағы целлюлозаның проценттік үлесі 25% болғандықтан, ондағы судың үлесі 75% болады. Сонда:



Сурет 3. Есептің моделі

Ендеше,




$$\text{Бұдан } 25 \cdot (500 - X) = 15 \cdot 500; \quad (500 - X) = 300; \quad X = 200.$$

Жауабы: 200 кг


3-есеп. Өсіп тұрған шөптің құрамында 65%, ал шабылған шөптің құрамында 9% су бар. 793 тонна өсіп тұрған шөптен қанша тонна шабылған шөп алуға болады?

Шешуі. Есеп шартына байланысты оның моделін құрайық.



Сурет 4. Есептің моделі

Ендеше,




Бұдан:

$$91 \cdot (793 - X) = 35 \cdot 793; \quad 793 - X = 305.$$


Жауабы: 305 т.

4-есеп. 70%-тік судан тұратын алманы кептіргенде өз массасының 60%-ін жоғалтады. Кептірілген алманың қанша процентін су құрайды?

Шешуі. Есептің моделі:



Демек,



Бұдан:

$$(100 - x) \cdot 0,4y = 30y; \quad 100 - x = \frac{30}{0,4}; \quad 100 - x = 75; \quad x = 25.$$

Жауабы: 25 %.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1 Рустюмова И.П., Рустюмова С.Т. *Пособие для подготовки к ЕНТ по математике.* - А., 2010, 715 с.
- 2 Әмзібек Ә.А., Н.С.Оразкелдиев. *Математикалық сауаттылық-1.* - А., 2017, 416 б.
- 3 Қосанов Б.М. Екі қоспаны араластырып, жаңа қоспа алумен байланысты есептер // «Хабаршы-Вестник», Абай ат.ҚазҰПУ, Физика-математика ғылымдары сериясы, №1, 2016, 35-40 б.
- 4 Қосанов Б.М. Қоспаға оның компоненттерінің бірі қосылатын концентрация есептері // «Хабаршы-Вестник», Абай ат.ҚазҰПУ, Физика-математика ғылымдары сериясы, №2, 2019, 66-70 б.

МРНТИ 27.01.45  
УДК 372.851

Ж.А. Сартабанов<sup>1</sup>, А.К. Шаукенбаева<sup>1</sup>

<sup>1</sup>Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті, Ақтөбе, Қазақстан

## ТРИГОНОМЕТРИЯЛЫҚ ЖӘНЕ ДӘРЕЖЕЛІК ФУНКЦИЯЛАР БАЙЛАНЫСЫН ТЕРБЕЛІСТЕР ТЕҢДЕУІМЕН НЕГІЗДЕУ ӘДІСТЕМЕСІ

*Аңдатпа*

Бұл мақалада тригонометриялық және дәрежелік функциялар арасындағы байланысты гармониялық тербелістердің дифференциалдық теңдеуі арқылы элементар жолмен, демек, мектеп математикасы аясында негіздеудің әдістемесі берілген. Әдістемеге толық тоқталсақ, сызықты екінші ретті дифференциалдық теңдеуі болып келетін, тербеліс теңдеуінен ауыстыру арқылы бірінші ретті сызықты екі теңдеулер жүйесіне көшіп, одан бастапқы шарттарды ескере отырып, интегралдық теңдеулер жүйесіне көштік. Одан әрі біртіндеп жуықтау әдісін қолданып, жуықтау формуласын анықтадық. Жуықтау формуласын шектеусіз жалғастырып, шешімнің дәрежелік қатар түрінде өрнектелетінін көрсеттік. Алынған қатардың жинақтылығын негіздеу мақсатында бір қарапайым лемма дәлелденді. Сол лемманы пайдаланып, қатардың жинақтылығы көрсетілді. Екінші, жағынан есептің шешімдері негізгі тригонометриялық функциялар болатынына сілтеме жасап, шешімнің жалғыздығына сүйеніп, олардың тепе-тең болатындығы туралы тұжырымдама жасалынып, қарастырып отырған функциялардың арасындағы байланыс орнатылды. Функциялар байланысы теорема арқылы берілді. Сонымен қатар анализ бастамаларының мазмұнын жетілдіру туралы біріндеген ойларда келтірілді.

**Түйін сөздер:** тригонометриялық функция, дәрежелік функция, тербеліс теңдеуі, жуықтау, элементар әдістер, функциялар байланысы, дифференциалдық теңдеу, анализ әдістері.



Аннотация

Ж.А. Сартабанов<sup>1</sup>, А.К. Шаукенбаева<sup>2</sup>

<sup>1</sup> Актюбинский региональный государственный университет им.К.Жубанова, г.Актобе, Казахстан

### МЕТОДИКА ОБОСНОВАНИЯ СВЯЗИ ТРИГОНОМЕТРИЧЕСКИХ И СТЕПЕННЫХ ФУНКЦИЙ С ПОМОЩЬЮ УРАВНЕНИЯ КОЛЕБАНИЙ

В данной статье представлена методика обоснования связи между тригонометрическим и степенным функциями через дифференциальное уравнение гармонических колебаний элементарным путем, следовательно, дана методика в рамках школьной математики. Если полностью остановиться на методе, то переходим к системе двух линейных уравнений первого порядка с заменой уравнения колебаний второго порядка, что является дифференциальным уравнением второго порядка, и с учетом первоначальных условий переходим к системе интегральных уравнений. Далее постепенно используя метод приближения, определили формулу приближения. Продолжая использовать формулу приближения бесконечно, показали, что решение выражается в виде степенных рядов. В целях обоснования сходимости полученного ряда была доказана одна простая лемма. Используя ту же лемму, показана сходимость ряда. С другой стороны, со ссылкой на то, что решения задачи являются основными тригонометрическими функциями, разработана концепция о равновесии решений, установлена связь между рассматриваемыми функциями. Связь функции дается теоремой. Кроме того, были приведены мысли о совершенствовании содержания начала анализа.

**Ключевые слова:** тригонометрическая функция, степенная функция, уравнение колебаний, приближение, элементарные методы, функция связи, дифференциальное уравнение, методы анализа.

Abstract

### METHODOLOGY FOR SUBSTANTIATING THE RELATIONSHIP BETWEEN TRIGONOMETRIC AND POWER FUNCTIONS BASED ON THE EQUATION OF OSCILLATIONS

Sartabanov Zh. A.<sup>1</sup>, Shaukenbayeva A.K.<sup>1</sup>

<sup>1</sup> K. Zhubanov Aktobe Regional State University, Aktobe, Kazakhstan

This article presents a methodology for substantiating the relationship between trigonometric and power functions through the differential equation of harmonic oscillations in an elementary way, therefore, a methodology is given in the framework of school mathematics. If we completely dwell on the method, then we pass to the system of two linear first-order equations with the replacement of the second-order oscillation equation, which is a second-order differential equation, and taking into account the initial conditions, we proceed to the system of integral equations. Then, gradually using the approximation method, we determined the approximation formula. Continuing to use the approximation formula indefinitely, we showed that the solution is expressed in the form of power series. In order to justify the convergence of the resulting series, one simple lemma was proved. Using the same lemma, the convergence of a series is shown. On the other hand, with reference to the fact that the solutions of the problem are the main trigonometric functions, a concept of the equilibrium of solutions is developed, and a connection is established between the functions under consideration. The relationship of the function is given by the theorem. In addition, thoughts were given about improving the content of the beginning of the analysis.

**Keywords:** trigonometric function, power function, equation of oscillations, approximation, elementary methods, communication function, differential equation, analysis methods.

**А. Мәселенің қойылуы.** Оқулықтармен зер қоя таныссақ, *Анализ бастамаларын* мектеп курсына алғаш енгізу барысында көптеген өте нәзік әдістерді сол кездегі жетекші ұстаз мамандар, мектеп жасындағы жасөспірімге түсіндіру мүмкін емес деп есептеп, *айналма жол* іздестіруді қалыптастырған сынайлы. Осындай себеппен үш ғасыр бойы қалыптасқан Анализ курсының баяндалуының қатал логикалық, реттік тәртібі негізсіз өзгеріске ұшырап, бұзылған тәрізді. Оны өткен ғасырдың 70 жылдары, математикалық реформа кезеңінде жазылған анализ бастамаларының мектеп оқулықтарынан көреміз. Сол жағдай қазіргі оқулықтарда да, түзетілудің орнына, одан әрі орнығып, осы логикалық олқылықтар көзге ұрды да тұрды. Анализде, әдетте, алдымен шек ұғымы енгізіліп, ол қарапайым функция – тізбек үшін беріліп, сосын кезкелген функцияның нүктедегі, шегі ұғымына ұласады. Шекке көшу – математикалық анализдің әдістерінің негізі. Сосын функцияның нүктедегі үзіліссіздігі ұғымы енгізіледі. Бұл екі өте нәзік ұғымдар – шек пен үзіліссіздікті ұғындырудың математикалық анықтамаларынан гөрі, оларды алдымен өмірден алынған мысалдарымен түсіндірудің жолдарын іздестірген жөн. Шек ұғымын өмірдегі қарапайым құбылыстардың уақытқа байланысты үзіліссіз өзгере отырып, оны сипаттайтын шаманың өз тағына-шегіне жететіндігі арқылы ұғындыруға тырысу керек. Сол сияқты бұл шаманың үзіліссіз өзгертіндігін де мысалдармен ұғындыру қажет. Үзіліссіздіктің өмірдегі тамаша қасиеті – шаманың уақытқа байланысты өзгертінін біле отыра, оның өзгерісін жай көзбен үзіліссіз қадағалағанмен, ол шама өзінің өзгерісін қадағалаушыға байқатпайтындығы. Сондықтан да ол қасиетті бала түгелі, ересек адамдар да аңғара бермейді. Осы

тамаша қасиетке жасөспірімнің назарын аударып, оны оларға ұғындыру – осы мәселедегі ұлы жеңіс. Бұл қасиеттерді баланың жүрегіне сездіре алмаған соң, әдетте, оны аналитикалық абстрактылық әдіспен түсіндіруге тырысамыз. Демек, оны оқушы бір математикалық амал түрінде қабылдайды. Оны қолданып, сол тақырыпқа есептер шығаруға болады. Осыдан *ұғымды түсіндіре алмасам да, ол туралы есепті шығаруды үйрете аламын* деген тұжырым туындайды.

*Айналма жолмен* түсіндіруге болмайтын шектердің екі мысалы – I және II – *тамаша шектер*. Бірінші шекті геометриялық жолмен негіздеп, оқулықта келтіріп жүрміз. Оның негізделу жобасы дұрыс. Ал, екінші тамаша шекті енгізуде *айналма жол* әдісі қолданылып келеді. Оны құптай алмаймыз. Біздіңше, *e* санына ұмтылатын, қандай болмасын, бірқарапайым тізбектік шекті қарастырып, алдымен *e* санының өзін енгізіп, оның жуық шамасын калкулятормен есептетіп, көрсету керек. Математикада *e* – саны,  $\pi$  саны тәрізді, негізгі қолданыс саны. Өмірде экспоненциалдық заңдылықпен өсу мен кему туралы түсініктердің негізі болып келетін *e* саны  $\pi$  санынан гөрі жиірек кездесетінің мойындауымыз керек. Сондықтан да, *e* санын мектеп курсына енгізуге арнайы тоқталу керек деп есептейміз. Оны енгізудің бір жолын біз [1, 2] мақаламызда ұсынғанбыз. *Туынды және Интеграл* тақырыптарын беруде де көптеген жеңілдете ұғындыру әдістерін қолдануға болатынын атап өтумен шектелеміз. Бұл бағыттағы кейбір ойлар [2, 3] мақалаларда келтірілген.

Математикалық анализ бастамаларын өткенде оқушылар тарабынан көп сұрақтар берілуі мүмкін. Әрине, оларға *жоғары математика курсына беріледі* деп жүре жауап беруге болады. Бірақ ұстаз төте сұраққа төте жауап беруі тиіс. Мысалы, негізгі тригонометриялық функциялардың мәндерінің аргументтік мәндерге сәйкес таблицасы құрылғаны белгілі. Айталық, жұртшылыққа белгілі *Брадис таблицасы* солай құрылған. Мысалы оқушы, олардың жуық мәндері қалай, қандай формулалармен есептелген деген сұрақ берсе, оқытушы дәлелді жауап беруі қажет деп есептейміз. Сондай жуықтап есептеудің бір әдісін осы мақалада келтіреміз. Сондықтан, мектеп курсына көрнекі-интуитивтік тәсілмен, ғылыми негізсіз ықшамдалған мәселелерді *мектеп математикасы аясындағы әдістермен* дәлелдеп берудің маңызы зор демекпіз. Оның негізгі мақсаты, алдымен мектептің математик мұғалімдерін ғылыми қаруландыру болып табылады, қалды, зерек оқушылардың өздері өз бетімен оқып, түсінуіне мүмкіндік беру болып есептелінеді. Мұндай мәселелер мектеп оқушылары мен ұстаздарына арналған қосымша әдістемелік оқу құралдарында берілуі тиіс демекпіз.

Сонымен, бұл мақаланың басты мақсаты негізгі тригонометриялық функциялар мен дәрежелік функциялар арасында байланыс бар екенін оқушыға дифференциалдық теңдеулер арқылы ұғындыру және оны мектеп курсы аясындағы элементар әдістермен баяндау тәсілін ұсыну болып табылады. Демек, тригонометриялық функцияларды көпмүшеліктермен жуықтау жолымен танысуға орта мектеп оқушысына мүмкіндік жасаймыз.

Осы бағыттағы зерттеулердің негізгі нәтижелерінің кейбіреулері [1-7] - басылымдарда қарастырылған. *Егер дифференциалдық теңдеулермен берілетін дененің уақытқа байланысты үзіліссіз қозғалуы, өсу-кему үдерісі, тербеліс құбылысын және олардың жылдамдығы мен үдеуі туралы мәселелерді математика курсына енгізбесек, онда Анализді мектепке енгізу бекер болар еді*, - деген болатын академик А.Н. Колмогоров. Осыған орай, қазіргі кездегі дифференциалдық теңдеулер ұғымын мектеп оқулығынан шеттету өкінішті демекпіз.

**Б. Функциялар байланысын тербелістер аясында жуықтау әдісімен анықтау.** Сонымен, гармониялық тербелістердің математикалық моделі - екінші ретті сызықты

$$\frac{d^2 y}{dx^2} + y = 0 \quad (1)$$

дифференциалдық теңдеуін қарастырайық. Осы теңдеудің

$$y(0) = 1, y'(0) = 0 \quad (1_0)$$

шартын қанағаттандыратын шешімін құру мәселесімен айналысайық.

Ол үшін

$$\frac{dy}{dx} = z \quad (2)$$

ауыстыруын енгізіп, одан

$$\frac{d^2 y}{dx^2} = \frac{dz}{dx} \quad (2')$$

өрнегі шығатынын ескеріп, (2) және (2') өрнектері арқылы (1) теңдеуі мына екі теңдеулі

$$\begin{cases} \frac{dy}{dx} = z(x), \\ \frac{dz}{dx} = -y(x), \end{cases} \quad (3)$$

жүйе түрінде жазайық. Бұл жағдайда  $(1_0)$  шарты

$$y(0) = 1, \quad z(0) = 0 \quad (3_0)$$

шарты түріне келеді.

Енді (3) жүйені,  $(3_0)$  шартын ескере отырып, 0 мен  $x$  аралығында интегралдап, оның сол жақтары

$$\int_0^x \frac{dy(z)}{dx} dx = \int_0^x dy(x) = y(x) \Big|_0^x = y(x) - y(0) = y(x) - 1,$$

$$\int_0^x \frac{dz}{dx} = \int_0^x dz(x) = z(x) \Big|_0^x = z(x) - z(0) = z(x) - 0 = z(x)$$

екендігін қаперге алып,

$$\begin{cases} y(x) = 1 + \int_0^x z(t) dt, \\ z(x) = - \int_0^x y(t) dt \end{cases} \quad (4)$$

интегралдық жүйе түрінде зерттейміз.

Ол үшін  $y(x)$ ,  $z(x)$  шешімінің

$$y^{(0)} = 1, \quad z^{(0)} = 0 \quad (5_0)$$

бастапқы жуықтауын енгізіп, келесі жуықтауларды

$$\begin{cases} y^{(n+1)}(x) = 1 + \int_0^x z^{(n)}(t) dt, \\ z^{(n+1)}(x) = - \int_0^x y^{(n)}(t) dt, \quad n = 0, 1, 2, 3, \dots \end{cases} \quad (5_n)$$

өрнектері бойынша біртіндеп анықтаймыз.

Енді бірнеше жуықтауларды анықтап, көрелік. Бастапқы, нөлінші жуықтауды  $(5_0)$  түрінде, берілген  $(3_0)$  шарты орындалатындай етіп анықтадық. Ендеше, келесі бірінші жуықтау  $(5_0)$  өрнегін интегралдау арқылы алынған,

$$\begin{cases} y^{(1)}(x) = 1 + \int_0^x z^{(0)}(t) dt = 1 + \int_0^x 0 dt = 1, \\ z^{(1)}(x) = - \int_0^x 1 dt = -t \Big|_0^x = -x - 0 = -x \end{cases} \quad (5_1)$$

өрнектері түрінде болатынын көреміз.

Осы  $(5_1)$  жуықтауын интегралдау арқылы,  $(5_2)$  өрнегін  $y^{(1)}(t) = 1$ ,  $z^{(1)}(t) = -t$  функциялары арқылы

$$\begin{cases} y^{(2)}(x) = 1 + \int_0^x z^{(1)}(t) dt = 1 - \int_0^x t dt = 1 - \frac{t^2}{2} \Big|_0^x = 1 - \frac{x^2}{2}, \\ z^{(2)}(x) = - \int_0^x y^{(1)}(t) dt = - \int_0^x 1 dt = -t \Big|_0^x = -x \end{cases} \quad (5_2)$$

түрінде кескіндейміз.

Одан әрі,  $(5_2)$  өрнектері арқылы

$$\begin{cases} y^{(3)}(x) = 1 + \int_0^x z^{(2)}(t)dt = 1 - \int_0^x t dt = 1 - \frac{t^2}{2} \Big|_0^x = 1 - \frac{x^2}{2!}, \\ z^{(3)}(x) = - \int_0^x y^{(2)}(t)dt = - \int_0^x (1 - \frac{t^2}{2!})dt = (-t + \frac{t^3}{3!}) \Big|_0^x = -x + \frac{x^3}{3!} \end{cases} \quad (5_3)$$

өрнектерін аламыз.

Анықталған  $(5_3)$  өрнектері арқылы

$$\begin{cases} y^{(4)}(x) = 1 + \int_0^x z^{(3)}(t)dt = 1 + \int_0^x (-t + \frac{t^3}{3!})dt = 1 - \frac{x^2}{2!} + \frac{x^4}{4!}, \\ z^{(4)}(x) = - \int_0^x y^{(3)}(t)dt = - \int_0^x (1 - \frac{t^2}{2!})dt = -x + \frac{x^3}{3!} \end{cases} \quad (5_4)$$

өрнектерін аламыз.

Осылайша есептеуді жалғастыра отырып,  $(5_5)$  және  $(5_6)$  өрнектеріндегі заңдылықтарды жалпылап,

$$\begin{cases} y^{(5)}(x) = 1 + \int_0^x z^{(4)}(t)dt = 1 - \frac{x^2}{2!} + \frac{x^4}{4!} \\ z^{(5)}(x) = - \int_0^x y^{(4)}(t)dt = -x + \frac{x^3}{3!} - \frac{x^5}{5!} \end{cases} \quad (5_5)$$

$$\begin{cases} y^{(6)}(x) = 1 + \int_0^x z^{(5)}(t)dt = 1 - \frac{x^2}{2!} + \frac{x^4}{4!} - \frac{x^6}{6!} \\ z^{(6)}(x) = - \int_0^x y^{(5)}(t)dt = -x + \frac{x^3}{3!} - \frac{x^5}{5!} \end{cases} \quad (5_6)$$

алуға болады.

Осы  $(5_1) - (5_6)$  өрнектеріндегі заңдылықтарды жалпылап,  $n = 2k, k = 1, 2, \dots$  жағдайында олардың

$$\begin{cases} y^{(2k)}(x) = 1 - \frac{x^2}{2!} + \frac{x^4}{4!} - \frac{x^6}{6!} + \dots + (-1)^k \frac{x^{2k}}{(2k)!}, \\ z^{(2k)}(x) = -x + \frac{x^3}{3!} - \frac{x^5}{5!} + \dots + (-1)^k \frac{x^{2k-1}}{(2k-1)!} \end{cases} \quad (5_{2k})$$

өрнектерімен, ал  $n = 2k + 1, k = 0, 1, 2, \dots$  жағдайында

$$\begin{cases} y^{(2k+1)}(x) = 1 - \frac{x^2}{2!} + \frac{x^4}{4!} - \frac{x^6}{6!} + \dots + (-1)^k \frac{x^{2k}}{(2k)!}, \\ z^{(2k+1)}(x) = -x + \frac{x^3}{3!} - \frac{x^5}{5!} + \dots + (-1)^{k+1} \frac{x^{2k+1}}{(2k+1)!} \end{cases} \quad (5_{2k+1})$$

өрнектерімен берілген теңдіктерді аламыз.

Ал, егер  $k$  санын шектеусіз өсірсек, онда  $2k \rightarrow \infty, (2k + 1) \rightarrow \infty$  шектеріне сәйкес  $(5_{2k})$  және  $(5_{2k+1})$  өрнектерінің оң жақтарының

$$\begin{cases} y^{(\infty)}(x) = \lim_{k \rightarrow \infty} y^{(2k)}(x) = \lim_{k \rightarrow \infty} y^{(2k+1)}(x) = 1 - \frac{x^2}{2!} + \frac{x^4}{4!} - \frac{x^6}{6!} + \dots + (-1)^k \frac{x^{2k}}{(2k)!} + \dots, \\ z^{(\infty)}(x) = \lim_{k \rightarrow \infty} z^{2k}(x) = \lim_{k \rightarrow \infty} z^{(2k+1)}(x) = -x + \frac{x^3}{3!} - \frac{5}{5!} + \dots + (-1)^{k+1} \frac{x^{2k+1}}{(2k+1)!} \dots \end{cases} \quad (6)$$

өрнектерімен берілетінің көреміз.

Шынында да,  $(S_{2k})$  өрнегінен  $(S_{2k+1})$  өрнегі шығатынын дәлелдеу үшін олардың

$$\begin{cases} y^{(2k+1)}(x) = 1 + \int_0^x z^{(2k)}(t) dt, \\ z^{(2k+1)}(x) = - \int_0^x y^{(2k)}(t) dt, \end{cases} \quad (*)$$

теңдіктері қанағаттандыратына көз жеткізсек болғаны.

Оны тексеру арқылы жүзеге асырамыз:  $(S_{2k})$  өрнегінің екіншісін жоғарыдағы (\*) жүйенің бірінші теңдігіне қойсақ:

$$y^{(2k+1)}(x) = 1 + \int_0^x \left\{ -x + \frac{x^3}{3!} - \frac{x^5}{5!} + \dots + (-1)^k \frac{x^{2k-1}}{(2k-1)!} \right\} dx = 1 - \frac{x^2}{2!} + \frac{x^4}{4!} - \frac{x^6}{6!} + \dots + (-1)^k \frac{x^{2k}}{(2k)!}$$

түрінде  $(S_{2k+1})$  өрнектерінің біріншісін аламыз. Осылайша,  $(S_{2k})$  жүйесінің бірінші өрнегін (\*) жүйесінің екіншісіне қойып,  $(S_{2k+1})$  өрнегінің екіншісінің оң жағы шығатынына көз жеткіземіз:

$$z^{(2k+1)}(x) = - \int_0^x \left\{ -1 + \frac{x^2}{2!} - \frac{x^4}{4!} - \dots + (-1)^k \frac{x^{2k}}{(2k)!} \right\} dx = -x + \frac{x^3}{3!} + \frac{x^5}{5!} + \dots + (-1)^{k+1} \frac{x^{2k+1}}{(2k+1)!}$$

Сонымен  $(S_{2k})$  өрнектерінен  $(S_{2k+1})$  өрнектері шығатыны дәлелденді.

Енді  $k$  жуықтау нөмірін шексіз өсіру арқылы алынған (6) өрнектің мағнасы барлығын көрсету үшін  $k = m + p$  теңдігін қанағаттандыратын екі натурал  $m$  және  $p$  сандарын алып, мына лемманы дәлелдейік.

**Лемма.** Кезкелген  $m$  және  $p$  натурал үшін  $(m+p)! \geq m!m^p$  теңсіздігі орындалады.

Шынында да,

$$k! = (m+p)! = 1 \cdot 2 \cdot 3 \cdot \dots \cdot m \cdot (m+1)(m+2) \dots (m+p) \geq m!m \cdot m \dots m = m!m^p$$

Лемма дәлелденді.

Осы леммадан

$$\frac{1}{k!} = \frac{1}{(m+p)!} \leq \frac{1}{m!} \cdot \frac{1}{m^p}$$

теңсіздігін аламыз.

Егер  $r < m$  теңсіздігін қанағаттандыратын кезкелген оң сан болса, онда

$$\frac{r^k}{k!} = \frac{r^{m+p}}{(m+p)!} \leq \frac{r^m \cdot r^p}{m!m^p} = \frac{r^m}{m!} \left( \frac{r}{m} \right)^p \quad (**)$$

бағамдауына келеміз.

Енді (6) өрнекті  $|x| \leq r < m$ ,  $k = m + p$  өрнектері бойынша (\*\*) теңсіздігін қолданып,  $y^{(\infty)}(x)$  өрнегі үшін

$$\begin{aligned} & \left| y^{(\infty)}(x) - \left\{ 1 - \frac{x^2}{2!} + \frac{x^4}{4!} - \frac{x^6}{6!} + \dots + (-1)^k \frac{x^{2k}}{(2k)!} \right\} \right| = \left| (-1)^{k+1} \frac{x^{2(k+1)}}{(2(k+1))!} + (-1)^{k+2} \frac{x^{2(k+2)}}{(2(k+2))!} + \dots \right| \\ & \leq \frac{r^{2k+2}}{(2k+2)!} + \frac{r^{2k+4}}{(2k+4)!} + \dots + \frac{r^{2m} \cdot r^{2p+2}}{(2m+2p+2)!} + \frac{r^{2m} \cdot r^{2p+4}}{(2m+2p+4)!} + \frac{r^{2m} \cdot r^{2p+6}}{(2m+2p+6)!} + \dots + \frac{r^{2m}}{(2m)!} \cdot \frac{r^{2p+2}}{m^{2p+2}} + \\ & + \frac{r^{2m}}{(2m)!} \cdot \frac{r^{2p+4}}{m^{2p+4}} + \frac{r^{2m}}{(2m)!} \cdot \frac{r^{2p+6}}{m^{2p+6}} + \frac{r^{2m}}{(2m)!} \left( \frac{r^2}{m^2} \right)^{p+1} + \frac{r^{2m}}{2m!} \cdot \left( \frac{r^2}{m^2} \right)^{p+2} + \frac{r^{2m}}{2m!} \cdot \left( \frac{r^2}{m^2} \right)^{p+3} + \dots = \\ & = \frac{r^{2m}}{2m!} \cdot \left( \frac{r^2}{m^2} \right)^{p+1} \left[ 1 + \left( \frac{r^2}{m^2} \right) + \left( \frac{r^2}{m^2} \right)^2 + \dots \right] = \frac{r^{2m}}{2m!} \cdot \left( \frac{r^2}{m^2} \right)^{p+1} \frac{1}{1 - \frac{r^2}{m^2}} \end{aligned}$$

теңсіздігін аламыз. Егер  $r < m$  болғандықтан  $r^2 < m^2$  сондай-ақ  $\frac{r^2}{m^2} < 1$  екенін, сосын  $k = m + p$  өрнегі бойынша,  $p \rightarrow \infty$  шектік жағдайда, кезкелген  $m$  үшін  $k \rightarrow \infty$  шектік жағдайына келетінімізді ескеріп, демек  $\left( \frac{r^2}{m^2} \right)^{p+1} \rightarrow 0$  шектік жағдайын ескеріп,

$$\left| y^{(\infty)}(x) - \left\{ 1 - \frac{x^2}{2!} + \frac{x^4}{4!} - \frac{x^6}{6!} + \dots \right\} \right| \leq 0$$

теңсіздігіне келеміз. Бұл (6) теңдіктің  $|x| \leq r$  жағдайында мағнасы бар екенін дәлелдейді. Мұндағы  $r$  - кез келген сан екенін еске алсақ, онда (6) өрнектің кезкелген  $x$  үшін толық мағынасы бар екенін көреміз. Дәл осылайша (6) өрнектегі  $z^{(\infty)}(x)$  өрнегінің де заңды, мағналы өрнек екенін дәлелдеуге болады. Оған тоқталып жатпаймыз.

Сонымен (6) өрнекпен анықталған, ауыспалы таңбалы, жұп дәрежелі функциялардың шектеусіз қосындысымен анықталған

$$y^{(\infty)}(x) = 1 - \frac{x^2}{2!} + \frac{x^4}{4!} - \frac{x^6}{6!} + \dots \quad (7)$$

функциясы (1) теңдеудің  $(I_0)$  шартын қанағаттандыратын шешімі екенін көреміз.

Ал (2) өрнектен ауыспалы таңбалы, тақ дәрежелі функциялардың шектеусіз қосындысымен берілген

$$z^{(\infty)} = -x + \frac{x^3}{3!} - \frac{x^5}{5!} + \dots \quad (8)$$

функциясы осы (7) функцияның туындысы болатынын байқаймыз.

Бұл жағдайда шектеусіз қосынды туындысын оның қосылғыштарын туындылап, қосу ережесі пайдалану арқылы да алуға болады.

Қарастырып отырған (1) теңдеуінің  $(I_0)$  шартын қанағаттандыратын жалғыз шешімі бар, және ол

$$y^*(x) = \cos x \quad (9)$$

болатынын бұрыннан [1] мақаладан білетінбіз. Бұл жұмыста (1) теңдеудің жалпы шешімінің түрі мен жеке шешімдерінің жалғыздық қасиеті элементар әдіспен баяндалған болатын.

Осы есептің шешімі жалғыз болғандықтан, өрнектелуі әртүрлі болғанымен, (7) және (9) шешімдер бір шешім болып табылады. Ендеше,  $y^*(x) = y^{(\infty)}(x)$  тепе-теңдігін аламыз және олардың өрнектері бойынша

$$\cos x = 1 - \frac{x^2}{2!} + \frac{x^4}{4!} - \frac{x^6}{6!} + \dots \quad (10)$$

түріндегі тригонометриялық функция мен дәрежелік функция байланысын анықтаймыз.

Сол сияқты (2) және (8) өрнек бойынша  $y' = (\cos x)' = -\sin x$  функциясы мен  $z^\infty(x)$  бір функциялар екенін көреміз, яғни  $\frac{d}{dx} y^{(\infty)}(x) = z^\infty(x)$ . Демек,

$$\sin x = x - \frac{x^3}{3!} + \frac{x^5}{5!} - \dots \quad (11)$$

тепе-теңдігін аламыз. Бұл – тригонометриялық функциялар мен дәрежелік функцияларды байланыстыратын екінші өрнек.

Егер  $(1_0)$  шартының орнына

$$y(0), y'(0) = 1 \quad (1^0)$$

шартын алсақ, дәл осы жолмен бұл (1) –  $(1^0)$  есебінің, яғни (1) теңдеудің  $(1^0)$  шартын қанағаттандыратын шешім

$$y_\infty(x) = x - \frac{x^3}{3!} + \frac{x^5}{5!} - \dots = \sin x \quad (12)$$

өрнегімен анықталатынын көрсетуге болады, ал оның туындысы

$$\frac{dy_\infty(x)}{dx} = 1 - \frac{x^2}{2!} + \frac{x^4}{4!} - \frac{x^6}{6!} + \dots = \cos x \quad (13)$$

түрінде болатынына көз жеткізуге болады.

Сонымен, (10) – (13) өрнектерге сәйкес, төмендегідей тұжырымдама-қорытындыға келдік.

**Теорема.** Гармоникалық тербелістердің математикалық моделі - (1) теңдеудің  $(1_0)$  және  $(1^0)$  шарттарын қанағаттандыратын шешімдері - негізгі тригонометриялық функциялар

$$\cos x = 1 - \frac{x^2}{2!} + \frac{x^4}{4!} - \frac{x^6}{6!} + \dots, \quad \sin x = x - \frac{x^3}{3!} + \frac{x^5}{5!} - \dots \quad (14)$$

формулаларымен дәрежелік функциялардың қатарлары арқылы өрнектелінеді.

Сонымен, орта мектептің математикалық курсы аясындағы дифференциалдық теңдеулер әдістерімен негізгі тригонометриялық функцияларды (14) өрнектер арқылы дәрежелік функциялармен байланыстырдык.

**В. Мақала мазмұнына байланысты негізгі танымдық тәсіл – ұғым және қорытынды тұжырымдама.** Шекке көшу тәсілдік ұғымы, құбылыстың дифференциалдық моделін құру, функциялар байланысы және оларды қозғалыс теңдеуімен негіздеуге қысқаша тоқталайық.

1. Анализдің басты тәсілі – шекке көшу әдісін, өмірдегі құбылыстардың уақытқа байланысты үзіліссіз ағымын, демек, оларды сипаттайтын функциялардың үзіліссіздігін мектеп жасындағы өскелең ойлы қазіргі жастарға ұғындыру күрделі мәселеболғанымен, бірақ оларды түсіндіруге болатынын ақиқат деп есептейміз. Ұғындырудың негізгі жолы – қарапайым тұрмыстық және табиғи құбылыстық мысалдармен түсіндіруден басталуы тиіс демекпіз. Шектік ұғымның бірі – функция туындысы. Мектеп математикасындағы туынды ұғымын оқушыға таныс, лездік жылдамдықтан бастау керек. Сосын жалпы анықтамаға көшу ләзім. Жылдамдық – үзіліссіз ағымды құбылысты сипаттайтын шама. Гармониялық тербеліс – оның жеке мысалы.

2. Құбылыстардың құбылуы оның ағымдық жылдамдығы мен үдеуі және қозғаушы мен кедергі күші арқылы сипатталады. Егер құбылыс  $x = x(t)$  заңдылығына бағынады десек, онда оның жылдамдығы  $v = x'(t)$ , үдеуі  $a = x''(t)$  туындыларымен өрнектеледі де, кедергі және қозғаушы күштері  $t$  уақытына және осы шамаларға байланысты анықталады. Қозғаушы және оған кедергі күштердің тепе-теңдігі негізінде

$$F(t, x(t), x'(t), x''(t)) = 0$$

теңдеуін аламыз. Белгісіздің туындысы қатысқан мұндай теңдеу дифференциалдық деп аталынады. Бұл теңдеу құбылыстың дифференциалдық (математикалық) моделі деп аталынады. Құбылыстың табиғаты әртүрлі болады. Мысалы, олар уақытқа байланысты жүрілген жолмен  $x = S(t)$ , атмосфералық қысыммен  $x = P(t)$ , жылулық температурамен  $x = T(t)$ , тағы басқа шамалармен сипатталатын болуы

мүмкін. Біздің қарастырған теңдеуімізде  $x(t)$  – гармониялық тербелістің амплитудасының  $t$  мезетіндегі шамасы.

3. Орта мектеп математикасында оқушы 1) дәрежелік, 2) тригонометриялық және 3) кері тригонометриялық, 4) көрсеткіштік және оған кері 5) логарифмдік деп аталған бес түрлі функциялармен таныстырылады. Аталған 2) және 3) функциялар, сол сияқты 4) және 5) функциялардың байланыстары олардың өзара кері функциялар екендігінен көрініп тұр. Ал, егер дәрежелік, көрсеткіштік және тригонометриялық функциялар арасында байланыс бар ма? – деген оқушы сұрағы туындаса, оған қандай жауап берілуі тиіс? Көрсеткіштік функциямен дәрежелік функция арасындағы байланысқа [4] мақалада тоқталғанбыз.

Осы мақалада тригонометриялық функция мен дәрежелік функцияның байланысын элементар жолмен ашып отырмыз.

4. Тригонометриялық және дәрежелік функциялардың байланысын ашуда гармониялық тербелістер теңдеуінің шешімдерін табуға, жалпы бұрыннан белгілі, біртіндеп жуықтау әдісін қолдандық. Жуықтаудың жинақтылығын қарапайым лемма арқылы негіздедік. Жуықтау тәсілі күрделі болғанымен, мектеп оқушысына таныс амалдармен берілді. Демек, дәлелдеме оқушы тілінде келтірілді. Бұл – осы мақаланың басты жаңалығы. Математика – таным, таным – дәлелдемелі тұжырым. Дәлелдеме элементар, қарапайым болуы тиіс. Бұл қазіргі мектеп анализінің жетпей жатқан жағы. Бұл – мектеп оқытушысына да, оқушысына да өте қажетті, жекеленген тақырыптық әдістемелік құрал іспетті. Мақаланың байыбына барған ұстаз оның баяндау әдісін жетілдіріп, ықшамдап алары сөзсіз. Мұны кестеден тыс немесе арнайы курс сабақтарында пайдалануға болады.

Сонымен, тригонометриялық және дәрежелік функциялар байланысын гармониялық тербелістер аясында, қарапайым танымдық тәсілмен таныстырдық.

Сөз соңында, бұл мақала [1-7] зерттеулерді дамыта толықтыруға арналғанына және функциялардың белгілі байланысын тербеліс теңдеуі арқылы элементар әдіспен негіздегенімізгеназар аударамыз.

*Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:*

1 Сартабанов Ж.А. Гармониялық тербелістер // Қазақстан мектебі, 1983, №1. -54-55 б.

2 Сартабанов Ж.А. Анализ бастамаларын мектеп курсында баяндауды жетілдіру туралы ойлар. // Ақтөбе мемлекеттік университетінің хабаршысы. 2001. №3. 48-59б.

3 Сартабанов Ж.А., Қағазбаева А.К., Шауқенбаева А.Қ. //“Анализ бастамаларының кейбір ұғымдарын мектеп курсында баяндау мәселелері”. //Ізденіс. Қазақстан республикасы білім және ғылым министрлігінің ғылыми журналы. 2004ж. №3(2)-91-98б.

4 Сартабанов Ж.А., Шауқенбаева А.Қ. Математикалық емес мамандықтарда математика курсының кейбір ұғымдарын қарапайым әдістерімен енгізу туралы. // Қазақстан Республикасы тәуелсіздігінің 20-жылдығына арналған «Жастар және ғылым: бүгінгі мен келешегі» VII халықаралық ғылыми конференция. Ақтөбе. 2011ж. 15-16 сәуір.

5 Сартабанов Ж.А., Шауқенбаева А.Қ. Мектеп курсындағы бір дифференциалдық теңдеудің шешімін дәрежелік қатармен өрнектеудің әдісі. // VIII Халықаралық ғылыми конференция материалдары. Дифференциалдық теңдеулер, анализ және алгебра мәселелері. Ақтөбе. (1 қараша, 2018ж. ) 355-358б.

6 Сартабанов Ж.А., Шауқенбаева А.Қ. К методике обучения элементам линейных дифференциальных уравнений в школе. //X Юбилейной Международной научно-практической интернет-конференции, “Инновационные технологии обучения физико-математическим и профессионально-техническим дисциплинам”. (27-30 марта 2018 г.) Беларусь: Мозырь, 168-170с.

7 Сартабанов Ж.А., Шауқенбаева А.Қ. Мектеп математикасына дифференциалдық теңдеулер элементтерін өрістете енгізу мүмкіндіктерін тұрақты коэффициентті екі сызықты теңдеулі жүйе мысалымен негіздеу. //”Математикалық білім: жағдайы, мәселелері, болашағы”. Ақтөбе, (2019.14 наурыз), 17-22б.



МРНТИ 14.35.09  
УДК 378.02:37.016

*О.С. Сатыбалдиев*

*әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы қ., Қазақстан*

## **ФУНКЦИЯЛАРДЫ ОҚЫТУ АРҚЫЛЫ БОЛАШАҚ МАТЕМАТИКА МҰҒАЛІМДЕРІНІҢ КӘСІБИ ДАЙЫНДЫҚТАРЫН ЖЕТІЛДІРУ**

*Аңдатпа*

Функциялар және оған қатысты мәселелермен болашақ мұғалімдер даярлайтын жоғары оқу орындарының студенттері әртүрлі математикалық және әдістемелік курстарда танысады. Студент, болашақ математика мұғалімі функция туралы ғылыми білімдерден хабардар болуы тиіс және оның тәрбиелік-білімдік маңызын түсінуі қажет. Функция түсінігін енгізу мен баяндау мәселелері ғылыми тұрғыдан болсын, әдістемелік тұрғыдан болсын өте күрделі мәселе. Мектеп математика пәнінде функция түсінігі ең негізгі түсініктің бірі екеніне карамастан болашақ мұғалімдер даярлайтын жоғары оқу орындарын бітірушілер функциялық материалдарды нашар меңгереді және мектеп оқулықтарымен таныс емес. Жалпы алғанда, болашақ мұғалімдер даярлайтын жоғары оқу орындарында функцияға қатысты мәселелерді жоғары деңгейде меңгеру болашақ мұғалімдердің кәсіби сапасын қалыптастырудың қайнар көзі болып табылады. Біздің зерттеуіміз функциялар және оған қатысты мәселелер арқылы болашақ математика мұғалімдерінің кәсіби даярлықтарын көтеру проблемасына арналған. Біз негізгі назарды функцияларды оқыту бойынша мектеп математикасына тікелей қатысты мәселелерге аудардық.

**Түйін сөздер:** функция, кәсіби даярлық, болашақ математика мұғалімі, жетілдіру, педагогикалық жоғары оқу орны, мектеп математика пәні, педагогикалық іс-әрекеттер.

*Аннотация*

*О.С. Сатыбалдиев*

*Казахский национальный университет имени аль-Фараби, г. Алматы, Казахстан*

## **СОВЕРШЕНСТВОВАНИЕ ПРОФЕССИОНАЛЬНОЙ ПОДГОТОВКИ БУДУЩЕГО УЧИТЕЛЯ МАТЕМАТИКИ В ПРОЦЕССЕ ИЗУЧЕНИЯ ФУНКЦИОНАЛЬНОГО МАТЕРИАЛА**

С функциями и вопросами, связанными с ними, студенты педвуза знакомятся в различных математических и методических курсах. Студенту, как будущему учителю математики, важно знать информационную сторону научных знаний о функциях и понять их воспитательно-образовательную значимость. Вопрос о трактовке и введении понятия функции-сложный вопрос и с научной, и с методической точек зрения. Выпускники педвузов слабо ориентированы в функциональном материале, плохо знают соответствующее содержание школьных учебников, при том как понятие функции является стержневым понятием всего школьного курса математики. Изучение функционального материала в педвузе может служить хорошей базой для формирования профессиональных качеств будущего учителя. Наше исследование посвящено проблеме повышения профессиональной подготовки учителя математики в ходе его обучения в педвузе. Следовательно, мы основное внимание уделяем организации изучения функционального материала, непосредственно выходящего на школьный курс математики.

**Ключевые слова:** функция, профессиональная подготовка, будущий учитель математики, педвуз, совершенствование, школьный курс математики, педагогическая деятельность.

*Abstract*

## **IMPROVEMENT OF PROFESSIONAL TRAINING OF THE FUTURE MATHEMATIC TEACHER IN THE PROCESS OF STUDYING FUNCTIONAL MATERIAL**

*Satybaldiyev O.*

*Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan*

With functions and questions related to them, students of the pedagogical University are acquainted in various mathematical and methodological courses. The student, as a future teacher of mathematics, it is important to know the information side of scientific knowledge about functions and understand their educational significance. The question of the interpretation and introduction of the concept of function is a complex question from both scientific and methodological points of view. Graduates of pedagogical universities are poorly oriented in the functional material, they do not know the corresponding content of school textbooks, while the concept of function is the core concept of the entire school mathematics course. The study of functional material in the pedagogical University can serve as a good basis for the formation of professional qualities of the future teacher. Our research is devoted to the problem of improving the professional training of a mathematics teacher in the course of his training at the pedagogical University. Therefore, we focus on the organization of the study of the functional material directly coming out.

**Keywords:** function, professional training, future teacher of mathematics, pedagogical University, improvement, school course of mathematics, pedagogical activity.

[1] жұмысында болашақ мұғалімдер даярлайтын жоғары оқу орындарындағы математикалық курстар мен мектеп математика пәнін өзара байланыс тұрғысынан оқыту қағидасы тұжырымдалған. Осы қағидаға сәйкес, болашақ мұғалімдер даярлайтын жоғары оқу орындарындағы математикалық курстардың бағдарламаларына мектеп математика пәнінің ірге тасын құратын түсініктерді, идеяларды және теорияларды енгізудің қажеттілігі негізделген.

Өзара байланыс тұрғысынан оқыту: студенттерді қазіргі заманғы ғылыми білімдермен қаруландыру әдістерін және оларды болашақтағы оқу-тәрбие жұмыстарында қалай пайдалану тәсілдерін үйретеді; болашақ мұғалімдерге педагогикалық іс-әрекеттердің технологияларын меңгеруге жол сілтейді, бағыт-бағдар береді; болашақ мұғалімдерге тек ғылыми білімдердің ақпараттық жағын меңгертіп қана қоймай, олардың тәрбиелік-білімдік мәндерін түсіндіреді; студенттерге мектептік білімдердің мазмұнын терең меңгеруге жол ашады.

Біз бұл мақаламызда болашақ мұғалімдер даярлайтын жоғары оқу орындарындағы математикалық курстар мен мектеп математика пәнін өзара байланыс тұрғысынан оқыту қағидасын функцияларға қатысты материалдар бойынша жүзеге асыру мәселелерін қарастырамыз.

Функция түсінігі дәл қазіргі мезгілдегі біз пайдаланып жүргендей қалыптасқан жоқ. Бұл түсініктің дамуының екі ғасырлық даму тарихы бар. «Функция» атауы алғаш рет неміс халқының философы, әрі математигі Г.Лейбництің еңбектерінде көрініс тапты. Жалпы функциялық тәуелділік идеясы сонау ежелгі грек ғылымынан бастау алады. Алайда, ежелгі грек ғалымдары бұл идеяны индуктивті түрде қабылдады. Бұл идея математикада XVII-ғасырда айқын көрініске ие болды. Дегенмен, ол мезгілде де функцияның жалпы анықтамасы қалыптаса қойған жоқ, тек геометриялық тұрғыдан түсіндірілді. 1696-1698 жылдарда Г.Лейбниц пен И.Бернуллдің бір-біріне жазған хаттарында «функция» сөзі тәуелсіз айнымалы мен тұрақтыдан құралған өрнектерді белгілеу үшін қолданылады [2]. Функцияның анықтамасын алғаш рет геометриялық түсініктерден тәуелсіз 1718 жылы И.Бернулли береді. Эйлер [3] оны басқаша тұжырымдайды. Эйлердің анықтамасында функция өзі берілген аналитикалық өрнекпен теңестіріледі. Мұндай тәсіл XVII-ғасырдың ғалымдарына тән нәрсе болды, себебі аналитикалық өрнектер, формулалар функциялардың қасиеттерін зерттеудің тамаша құралы болды.

Екінші жағынан, бұл анықтамалармен айқындалған функциялар сол мезгілдегі математика ғылымдарының талаптарын толық қанағаттандыра алмады. Мысалы, интегралдау жолымен немесе дифференциалдық теңдеулердің шешімі жолдарымен алынған функцияларды белгілі операциялардың көмегі арқылы айқын түрде өрнектеу мүмкін болмады.

Функция түсінігінің дамуындағы келесі секіріс шектің тербілісі туралы белгілі теорема болды. Атап айтқанда «шек тербілісінің өзгерісін бір формула арқылы өрнектеуге бола ма?» деген сауалдың жауабы ізделінді. Бұл проблеманың төңірегіндегі айтыс-тартыстар XVII-ғасырдың атақты математиктерінің арасында жүріп жатты. Сөйтіп, «функция деген не?» сауалы туындады. Тек, Фурьенің ашқан жаңалығы «функция» және «аналитикалық өрнек» түсініктерін бөліп қарастыруға жол ашты. Осы мезгілден кейін функция түсінігінің екінші даму кезеңі басталды. Функция сәйкестік түсінігі туралы интуитивтік түсіндірмелердің негізінде тәуелді айнымалы түсінігі арқылы айқындалды. Бұл идеяны И. Больцано, П. Дирихле және Н.И. Лобачевский өздерінің еңбектерінде бір-біріне тәуелсіз тұжырымдады. Дирихле мен Лобачевскийдің функциядағы берген анықтамасы біріншіден, жалпы болды; екіншіден, ыңғайлы тұжырымдалды; үшіншіден, сол уақыттағы функциялық тәуелділік туралы барлық түсініктерді қамтыды.

XX-ғасырда функциялық анализдің дамуы функция түсінігін жалпылауды талап етті. Функцияға кең көзқарасты талап ететін құбылыстарды зерттеу барысында физиктер тарапынан функцияның ескі анықтамасына сын айтушылар көбейді. Шексіз аздарды негіздеуде туындаған теориялық-жиындық тұжырымдар саналуан ғылымдардағы құбылыстарды кескіндеудің күшті құралы мен әдісі болды. Осы теориялық-жиындық тұжырымдамаға негізделген функция түсінігі оның дамуының үшінші кезеңі болды.

Сонымен, функция түсінігінің тарихи дамуының негізгі үш кезеңге бөлуге болады: бірінші, функцияны аналитикалық өрнектермен теңестіру кезеңі; екінші, функцияның анықтамасын тәуелсіз айнымалы шама түсінігі арқылы беру кезеңі; үшінші, функция түсінігінің дәл қазіргі замандағы теориялық-жиындық баяндалу кезеңі. Бұл кезеңнен кезеңге өту мәселелері математикалық зерттеудің объектісі ретіндегі функциялар туралы түсініктердің ұлғаюымен тығыз байланысты болды. Егер бірінші кезеңге функция түсінігі формула арқылы берілген сан жиындарының элементтерінің арасындағы сәйкестіктерімен шектелсе, екінші кезеңде функциялық көзқарас тұрғысынан сан

жиындарының элементтерінің арасындағы кезкелген сәйкестік ретінде қарастырылды, ал үшінші кезеңде табиғаты кезкелген жиынның элементтерінің арасындағы сәйкестік ретінде анықталды.

Осы айтылғандардан мына жағдайды байқаймыз: ғылымда функция түсінігін анықтаудың жалғыз жолы жоқ. Функция түсінігінің дамуының әрбір кезеңіне тән тәсілдері бар. Мұны функция түсінігінің тарихи дамуы мен оның орта және жоғары білім беру салаларындағы дамуынан да көруге болады. Функция түсінігі-мектеп математика пәнінде де, жоғары оқу орындарында оқылатын математикалық курстарда да іргелі түсініктің бірі. Сондықтан педагогикалық жоғары оқу орындарындағы математикалық курстарда мектеп математика пәнінің негізгі түсініктері туралы білімдерді және мектеп оқулықтарындағы негізгі түсініктерді әдістемелік тұрғыдан меңгеру тәсілдерін болашақ мұғалімдердің бойынша қалыптастыру аса маңызды мәселе болып табылды.

Қазіргі уақытта мектептегі алгебра және анализ бастамалары пәнінің көптеген тақырыптары мен бөлімдерін оқыту стилін анықтайтын негізгі саланың бірі функциялар болып табылады. Мектеп бағдарламасында “Элементарлық функциялар” тақырыбы 7-9 және 10-11 сыныптарында өтілетін материалдардың негізгі мазмұнын анықтайды. Оқушылар мектепте оқу мезгілінде жалпы функциялық тәуелділік идеясын меңгерулері, функциялардың әртүрлі берілу тәсілдерін білулері, олардың мәндерін таба алулары, функциялардың графиктерін сала білуді үйренулері, нақты процесстерді бейнелеуді сипаттайтын қасиеттерімен (монотондылығы, периодтылығы, шектелуі және т.б.) таныс болулары және негізгі элементарлық функцияларды білулері тиіс. Сонымен қатар олар саналуан құбылыстар мен процесстерді оқып-үйренуге функциялар туралы білімдерді қолдана білулері керек.

Осы айтылғандардан мынандай қорытындыға келеміз. Болашақ мұғалімдер даярлайтын жоғары оқу орындарында оқу мерзімінде студенттерге функциялар туралы дұрыс көзқарастар қалыптастыру және олар жөнінде жан-жақты білім алу мәселелеріне басты назар аударуымыз керек. Осы қорытындыларға сәйкес болашақ мұғалімдер даярлайтын жоғары оқу орындарындағы математикалық курстар мен мектеп математика пәнін өзара байланыс тұрғысынан оқыту мәселесін жүзеге асыруға тиіспіз.

Функциялар мен оған байланысты мәселелердің негізінде өзара байланыс тұрғысынан оқытуды қалыптастыру ұзақ процесс. Сондықтан болашақ математика мұғалімдерінің кәсіби сапасын дұрыс қалыптастыру мақсатында функциялар бойынша студенттердің іс-әрекетін ұйымдастыру әдістерін үш кезеңге бөлуді жөн деп есептедік.

Бірінші кезеңде студенттердің санасына функция түсінігі мен олардың негізгі қасиеттерін (жұптылығы, тақтылығы, периодтылығы, монотондылығы) қалыптастыруды жүзеге асыру мәселелерін қарастыру қажет.

Екінші кезеңде болашақ мұғалімдердің функцияның графигі түсінігі мен графикті құра білу іскерлігі қалыптасуына көңіл аудару керек. Бұл кезеңде студенттерге функцияны толық зерттей білумен қатар, бірінші кезеңде қалыптасқан интуициясы мен білімдеріне сүйендіре отырып, функцияның графигін схема түрінде құра білуді үйрету қажет.

Үшінші кезеңде элементарлық функциялар теориясын құрудың әртүрлі тәсілдері бойынша теориялық материалдарды қарастыру қажет. Бұл кезеңнің материалдары арқылы элементарлық функциялар теориясын құрудың “мектептік” баяндауларының “кемістік” жақтарын айқын көрсету және оларды жоюдың жолдарына бағыт беру керек.

Бір мақаланың аумағында бұл кезеңдердің барлығын көрсету мүмкін емес. Сондықтан бұл мақаламызда бірінші кезеңді жүзеге асыру жолдарын қарастырамыз.

Алдымен болашақ математика мұғалімдеріне функция түсінігін қалыптастыруға бағытталған жаттығуларды қарастыралық.

- молекулалық физика бойынша есептерді шешудің негізгі әдістері мен тәсілдерін білу;
- физикалық есептерді шешу алгоритмінде жалпыланған тәсілдерді, оның құрылымдық элементтері мен жеке операциялардың мазмұнын көрсете білу;
- молекулалық физиканың философиялық және әдіснамалық мәселелерін түсіну.

Іргелі білім мен іскерлікті қалыптастыру кезінде, бөлімдер мен тақырыптарды зерттеу реттілігін анықтаумен қатар, оқу материалының күрделілігін ескеру керек. Біздің бақылауымыз іргелі ұғымдардың қалыптасуының соңғы нәтижелері оқыту процесіндегі субъективті және объективті факторлардың өзара қарым-қатынасының динамикасына байланысты екенін көрсетеді. Оқыту үдерісінде жүзеге асырылатын танымдық іс-әрекет әдістерін анықтау және зерделеу, оларды қолдану мүмкіндіктері мен шекараларын түсінуге негізделген саналы пайдалану субъектінің қызметін неғұрлым ұтымды және тиімді етеді. Атап айтқанда, таным – абстрагирлеу, ерекше ойлауды қабылдау, ол қандай да бір процесті ұғымды зерттеу кезінде белгілердің, қасиеттердің және қарым-қатынастардың тұтас қатарынан бір мезгілде бізді қызықтыратын олардың жалпы қасиеттерін бөле отырып, алаңдатудан тұрады. Бұл танымның жалпы әлеуметтік әдісін меңгеру негізінде жеке алынған физикалық ұғымдар мен санаттар, сондай-ақ олардың жүйелері құрылады. Мысалы, заттардың физикалық қасиеттерін (тұтқырлығы, диффузиясы, жылу алмасу және т.б.) түсіндіру және олардың сипаттарын анықтау, елестететін заттар (молекулалар сияқты, олардың өзара әрекеттесуі және т.б.) туралы ұғымдарға сүйене отырып, оларды көруге және тікелей өлшеуге болмайтынын түсіндіру қажет. Мұнда әртүрлі интерпретацияға жол беретін сұрақтар туындайды [7].

Тәжірибелік сабақтарда газдардың кинетикалық теориясындағы кейбір іргелі макроскопиялық ұғымдарды интерпретациялау мысалында абстракция және жалпылау бір-бірімен өзара байланыстылығы талқыланады. Кинетикалық теорияның тәсілі мынадай екі себеппен ерекшеленеді. Біріншіден, ешкім бастапқы жағдайды дәл білмейді, яғни берілген бастапқы сәтте әрбір молекуланың

қозғалыс жағдайы мен күйі белгісіз. Екіншіден, мұндай мәліметтер болса да, газды құрайтын молекулалардың үлкен санының қозғалысын бақылау үлкен міндеттің бірі. Сондықтан да жекелеген молекулалардың жағдайын қарастырудың қажеті жоқ, тек статистикалық қасиеттерді ғана: аз уақыт аралығында орташаланған көлем элементіндегі молекулалардың орташа саны, импульсі немесе энергиясы, не болмаса сызықтық жылдамдықтар мен осы молекулалардың арасындағы басқа да қозғалыстардың орташа бөлінуін қарастырған жөн. Мұндай ойлар студенттерге газдардың кинетикалық теориясындағы ықтималдық ұғымдарды қолдануды түсіндіреді және мәселенің мән-жайына физикалық сәйкес келетін статистикалық ұғымдардың қажеттілігін түсінеді, себебі нақты газ массасы бар эксперименттерде температура, көлем, қысым, тығыздық және т. б. сияқты "орташаланған" қасиеттер ғана өлшенеді.

Бұл мысалда абстрактілі көріністердің қарапайым жиынтығы құбылыстың табиғатын, оның жұмыс істеуі мен дамуын сипаттай алуы екіталай. Біздің мақсатымыз газ молекулаларының орташаланған қозғалысы барлық жағынан нақты қасиеттерді көрсететінін, ал қабылданған молекулалық моделдер нақты молекулаларға сәйкес келетіндігін анықтау болды. Жалпы көріністі жасау үшін процесті оның байланыстары мен қарым-қатынасының толық және күрделілігін ойша орнату қажет. Келтірілген мысалда мұндай тәсіл тек динамиканы ғана емес, сонымен қатар молекулалық соқтығыстар статистикасын да қарастыруды көздейді. Бұл жалпы жағдайда молекулалар аз көлем бойынша "хаотикалық" немесе тең ықтимал үлестірілген сияқты ықтимал жорамалдар қажеттілігін қалыптастыруға алып келеді. Бұл молекулалардың хаотикалық қозғалысы, молекулалар арасындағы ілгерлемелі қозғалыстың кинетикалық энергиясының таралуы сияқты белгілі бір абстракциялардың көмегімен көрсетілген байланысты бөліп көрсетуге мүмкіндік береді. Содан кейін, бірте-бірте олардың мазмұнын жетілдіре отырып, газдың кинетикалық теориясының жеке байланыстары, сонымен қатар осы байланыстардың нақты өзара әрекеттесуін де ашатын түсініктердің біртұтас жүйесін құруға болады. Зерттеудің мұндай әдісі абстрактіден нақты жолға шығу әдісі ретінде белгілі. Осы әдіспен оқытуда терең білімді қалыптастыруға және көптеген физикалық теорияларды құру негіздерін түсінуге көмектеседі, оның нәтижесінде жеке тұлғаның оқу қызметінің одан әрі дамытуы болады. Бұл жағдайда оқу-танымдық іс - әрекет білімді шығармашылық игерумен қарастыратын ғылыми-зерттеу әдістерін тарта отырып шешілетін міндеттермен байланысты. Келтірілген мысал студенттерге жеке молекуланың қандай жылдамдықпен қозғалатынын және уақыттың әр сәтінде қай жерде болатынын болжау мүмкін еместігін көрсетеді. Дегенмен белгілі бір жағдайларда ғана (газда) берілген жылдамдықпен қозғалатын молекулалардың үлесін немесе берілген көлемде болатын олардың үлесін есептеуге болады. Бірақ шын мәнінде, газдың негізгі сипаттамалары - қысым, температура, тығыздық және т. б. бір молекуланың күрделі әрекетімен емес, олардың жиынтық әсерімен (статистикалық, синергетикалық әсері) анықталады. Сондықтан зерттелетін объектілердің ерекшелігі міндетті түрде білімнің дәлелдемесі мен негіздемесінің сипатына, түсініктемелері мен сипаттамаларына, сондай-ақ оны құру мен ұйымдастыруынан тұрады.

### **Қорытынды**

Молекулалық физика бойынша сабақтар өткізу әдістемелік нұсқауларында студенттердің назары статистикалық орта шамаларды қарастыруға көшудің принципті қажеттілігіне баса назар аударылады. Нақты газдар қасиеттерінің идеал газдардың ұқсас қасиеттерінен ауытқуын талдай отырып, осы ауытқулардың себептері –нақты газ молекулаларында молекулааралық өзараәсерлесу күштерінің және олардың елеулі жақтары мен қасиеттерін сипаттайтын меншікті көлемінің болуы болып табылады [8]. Мысалы, білім алушы нақты газдың әрекетін сипаттайтын және молекулааралық өзараәсерлесу күшін ескеретін заңдарды зерделеудің бірқатар ықтимал жолдарын қарастырады. Нақты газдардың қасиеттерін зерделеу үшін теориялық негізі бар күй теңдеулерін іздестірумен байланысты болғанын айту керек. Сондай-ақ, осындай теңдеулер «вириал» түрдегі күй теңдеуі болып шықты. Ол макроскопиялық эксперименттің нәтижелерін молекулааралық өзараәсерлесу тұрғысынан түсіндіруге және дәл осы күштер заттың көптеген макроскопиялық қасиеттерін өзара байланыстыратынын ашуға мүмкіндік береді. Осылайша, студенттер Менделеев-Клапейрон заңына қарағанда Ван-дер-Ваальс теңдеуі нақты газдардың әрекетін айқындай түсетініне көз жеткізеді..

Демек, газ күйінің теңдеулерін оқып үйрену студенттердің күрделі іргелі түсініктерін қалыптастырады, олардың қалыптасуы мен игеруінің маңызды шарттары болып табылатын білімді дамытудың өзара байланысты деңгейлерін бөліп алу. Бұл жағдайда қалыптасудың бірінші деңгейі барлық идеал жүйелер үшін ортақ Менделеев-Клапейрон теңдеуімен берілген. Екінші деңгей Ван-дер-Ваальстің күй теңдеуін құрайды, ол нақты газдарда өтетін құбылыстарды түсіндіру мүмкіндігін

көрсетеді. Молекулалық физиканың іргелі түсініктерін осылай талдау білім алушының білімінің дамуы үшін, ең алдымен қиял мен теориялық ойлауды дамытуда ортақ мәнге ие болады. Осыған байланысты ғылыми таным негіздерін меңгеру төменгі курстарда пән бойынша базалық құзыреттілікті нәтижелі қалыптастыру үшін қажетті шарттардың бірі болып табылатын оқыту үрдісінің тиімділігіне ықпал ететінін атап өту қажет, ол одан әрі маманның кәсіби қалыптасуы үрдісінде дамиды.

*Пайданылған әдебиеттер тізімі:*

- 1 Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері», - атты Қазақстан халқына Жолдауы. 2018 жыл 10 қаңтар. // Интернет ресурс: <http://www.akorda.kz>
- 2 Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы. Алматы 2008 б-б.
- 3 Аганина К.Ж., Уалиева Н.Т. // *Культура ВУЗа как условие компетентностного профессионального образования. В мире образования, 2014., №1.*
- 4 Сыдықова Ж.Қ. *Мектеп оқушыларының физикалық ұғымдарды меңгеруінің әдістемелік ерекшеліктері: пед.ғыл.канд. дис. - Алматы, 2007. -129 б.*
- 5 Қазақ совет энциклопедиясы. - Алматы: Қазақстан, 1997.- 123 б.
- 6 Таубаева Ш.Т., Иманбаева С.Т., Берикханова А.Е. *Педагогика: Оқулық. - Алматы: ОНОН. 2017, -340 б.*
- 7 Молдабекова М.С. *Фундаментализация подготовки учителя физики как основа профессиональной деятельности. Системно-синергетический подход. - Алматы: Қазақ университеті, 2000.- 201 с.*
- 8 Аскарлова А.С., Молдабекова М.С. *Молекулалық физика: Оқулық. - Алматы: Қазақ университеті, 200 б.- 246 б.*

МРНТИ 47.09.41:44.31.03  
УДК 539.21:536.77

М.Қ. Құлбек<sup>1</sup>, Қ.Ш. Әбидин<sup>1</sup>

<sup>1</sup> Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті Алматы қ., Қазақстан

## ҚЫЛТҮТІКТІҚУЫСТЫ МАТЕРИАЛДАРДЫҢ КЕБУ БАРЫСЫНДАҒЫ ИНВЕРСИЯЛЫҚ ҮДЕРІСТЕР ТУРАЛЫ

### *Аңдатпа*

Қазіргі техника мен технологияда құрылымы жағынан қылтүтіктіқуысты топқа жататын әртүрлі материалдар кеңінен қолданылады. Көп жағдайларда бұл материалдар белгілі дәрежеде ылғалдық күйде болып технология барысында оларда кебу үдерісі орын алады. Ғылыми мақалада осындай қылтүтікті қуысты материалдардың кебу үдерісінің екінші сатысында орын алуы мүмкін инверсиялық эффектілер теориялық тұрғыдан қарастырылған. Инверсиялық сипаттағы термодинамикалық эффектілер кебу үдерісінің механизмі мен кинетикасымен байланыстырылып талданған. Бұл құбылыстар изотермиялық және изотермиялық емес жағдайларда қарастырылған. Алынған нәтижелердің ғылыми практикалық мәні көрсетілген.

**Түйін сөздер:** техника, технология, қылтүтіктіқуысты материалдар, инверсия, эффект, механизм, кинетика.

### *Аннотация*

М.Қ. Құлбек<sup>1</sup>, Қ.Ш. Әбидин<sup>2</sup>

<sup>1</sup> Казахский национальный педагогический университет им.Абая, Алматы, Казахстан

## ОБ ИНВЕРСИОННЫХ ПРОЦЕССАХ ПРИ СУШКЕ КАПИЛЛЯРНОПОРИСТЫХ МАТЕРИАЛОВ

В современной технике и технологии широко применяются различные капиллярнопористые материалы. Эти материалы часто бывают во влажном состоянии и в технологии происходят их сушка. В научной статье с теоретических позиций рассмотрены инверсионные эффекты возможно имеющие место во втором периоде процесса сушки в таких материалах. Такие термодинамические эффекты инверсионного характера проанализированы совместно с механизмом и кинетикой процесса сушки. Эти явления рассмотрены в изотермических и неизотермических условиях. Показаны научно-технические значения полученных результатов.

**Ключевые слова:** техника, технология, капиллярнопористые материалы, инверсия, эффект, механизм, кинетика.

Abstract

ON THE INVERSE PROCESS IN DRYING CAPILLARY-POROUS MATERIALS

Kulbek M. K.<sup>1</sup>, Abidin K.Sh.<sup>1</sup>

<sup>1</sup> Abai Kazakh national pedagogical University, Almaty, Kazakhstan

In modern technology and technology, various capillary-porous materials are widely used. These materials are often wet and are dried in technology. In a scientific article, from the theoretical point of view, inversion effects are considered, possibly taking place in the second period of the drying process in such materials. Such thermodynamic effects of inversion character are analyzed together with the mechanism and kinetics of the drying process. These phenomena are considered in isothermal and non-isothermal conditions. The scientific and technical values of the results obtained are shown.

**Keywords:** technology, technology, capillary porous materials, inversion, effect, mechanism, kinetics.

Табиғатта көптеген заттар, материалдар әдетте белгілі бір дәрежеде ылғал күйінде болады. Ал техника мен технологияда материалдарға қосымша су қосу арқылы кейбір үдерістер іске асырылады. Осындай технологиялық үдерістерде кеңінен қолданылатын қылтүтіктіқуысты материалдардың бойында әртүрлі байланыстағы су мөлшерлері болады. Қылтүтіктіқуысты материалдар жеңіл өнеркәсіп саласында, құрылыс материалдар технологиясында тағы басқа өнеркәсіп орындарында жиі қолданыс табады. Белгілі теория бойынша [1] бұндай қылтүтіктіқуысты материалдардың бойындағы суларды байланыс түрлеріне қарай негізінен мынадай үш топқа бөлуге болады: физикалық, физика-химиялық және кристалдық (химиялық).

Физикалық байланыстағы су материал бойынан  $100^{\circ}\text{C}$  одан да жоғары температуралар аймағында қарқынды түрде ыдырап (буланып) шыға бастайды. Физика-химиялық байланыстағы су материалдан  $150-200^{\circ}\text{C}$  одан да жоғары температуралар жағдайында ыдырап шығады. Ал, материал бойындағы кристалдық байланыстағы су  $450-550^{\circ}\text{C}$  одан да жоғары температуралар аймағында ыдырап шығады.

Бұл ғылыми мақалада қылтүтіктіқуысты мысалы, керамикалық материалдардың кебуі барысында орын алуы мүмкін инверсиалық үдерістер жайында баяндалған. Қазіргі қалыптасқан теория бойынша қылтүтіктіқуысты материалдардың кебу үдерісін олардың механизмі мен кинетикалық ерекшеліктеріне қарай екі сатыға бөлуге болады [1, 2]. Біріншісі тұрақты жылдамдық сатысы, екіншісі кемімелі жылдамдық сатысы. Үдерістің бірінші сатысында кебу үлгі бетінен булану арқылы жүреді де, ал үлгі ішіндегі су оның түтікшелері арқылы беткі қабытына тасымалданып отырады. Ал үдерістің екінші сатысында булану беті үлгінің ішкі қабаттарына жылжып отырады да пайда болған бу оның кепкен қуысты қабаттары арқылы сыртқы ортаға шығарылып отырады. Үдерістің бірінші сатысының аяқталуы мен екінші сатысының басталу сәтіне сәйкес келетін үлгінің ылғалдылығы – кризистік ылғалдық деп аталады.

Кебу үдерісінің екінші сатысына тән осы механизм, кезінде ғылыми практикалық мәні өте зор термодинамикалық эффектіні ашуға негіз болған Джоуль-Томсон тәжірибесіне [3, 4] өте ұқсас екендігін байқауға болады. Бұл құбылыс ғылымда Джоуль-Томсон эффектісі, ал техникада Дроссель эффект деп аталады.

Су буының алғашқы көлемі ( $V_1$ ) ретінде үлгі ішіндегі қуыстардың жалпы көлемін алуға болады, сонда  $V_1 = \gamma \cdot V_Y$  ( $V_Y$  - үлгінің көлемі, ал  $\gamma$  - үлгінің кеуектік дәрежесі). Көптеген қылтүтікті қуысты үлгілер үшін кеуектік дәрежесінің мәні әдетте ( $\gamma = 0.2 - 0.8$ ) аралығында болады.

Үдерістің екінші сатысында үлгінің ішкі қабаттарында пайда болған су буының көлемін  $V_1$ , қысымын  $P_1$  деп алып, ал үлгінің кепкен қабаттарындағы қуыс түтікшелері арқылы сыртқы ортаға шығарылып ұлғайған бу көлемін  $V_2$ , қысымын  $P_2$  деп белгілейік. Әдетте  $P_1 > P_2$ ,  $V_1 < V_2$  болады. Бұл кезде жүйенің үстінен мынадай жұмыс атқарылып  $A = P_1V_1 - P_2V_2$ , ол үлгінің кепкен сыртқы қуысты қабаттарынан тасымалданған су буының ішкі энергиясының өзгерісіне тең болады. Бұл кезде кебу үдерісі изотермиялық режимде қарқынды жүретіндіктен оны адиябаттық жағдайда өтеді деп есептеуге болады. Осыған байланысты үдерістер кезіндегі энтальпия өзгермей тұрақты қалады, яғни

$$U_1 + P_1V_1 = U_2 + P_2V_2. \quad (1)$$



Осы үдеріс кезінде үлгінің ішкі қабаттарындағы су буының қысымы ( $P_1$ ) оның қоршаған ортадағы қысымынан ( $P_2$ ) едәуір артық болатындықтан, бұл жағдайда интегральды Джоуль-Томсон эффектісі орын алады деп есептеуге болады.

Жалпы жағдайда интегральды эффект кезіндегі үлгі ішіндегі газ ( $T_1$ ) мен оның сыртқа шыққан кездегі ( $T_2$ ) температуралар айырымын мынадай интегралмен өрнектеуге болады [3, 5].

$$T_2 - T_1 = \int_{P_1}^{P_2} \frac{T \left( \frac{\partial V}{\partial T} \right)_P - V}{C_P} dP. \quad (2)$$

Егер газ (бу) күйлерінің теңдеулері белгілі болса, онда бұл интегральды шешуге әрекеттенуге болады. Біздің жағдайымызда қарастырылып отырған термодинамикалық эффектіні талдап бағалау мақсатында мынадай қарапайым тәсілді қолдануға болады. Үлгі ішіндегі сығылған жағдайдағы буды нақты газ деп, ал сыртқы ортаға шығып ұлғайған буды идеал газ деп қарастырайық. Аталған газдардың күйлерін сипаттау үшін Клапейрон және Ван-дер-Ваальс теңдеулерін қолданып жоғарыда келтірілген (1) өрнекке сүйеніп, инверсиялық сипаттағы термодинамикалық эффектіні бағалауға мүмкіндік беретін теңдеуді алуға болады.

Газдың 1 молине қатысты есептеулер жүргізейік. Ұлғайған кездегі газдың көлемі айтарлықтай үлкен болатындықтан, оны жеткілікті дәлдікпен идеал газ деп есептеуге болады. Сондықтан,  $P_2 V_2 = RT_2$ , ал  $U_2 = C_V \cdot T_2$  деп жаза аламыз. Жоғарыда қарастырылған нақты газ қысымның өрнегін Ван-дер-Ваальс теңдеуін пайдаланып

$$P_1 V_1 = \left[ \frac{RT_1}{(V_1 - b)} - \frac{a}{V_1^2} \right] V_1 \quad (3)$$

деп өрнектеуге болады. Нақты газдың ішкі энергиясын  $U_1 = C_V T_1 - \frac{a}{V_1}$  тең екенін білеміз. Енді осы өрнектердің бәрін (1) теңдеуіндегі орындарына қойып, мынаны аламыз:

$$C_V T_1 - \frac{a}{V_1} + \frac{RT_1 V_1}{V_1 - b} - \frac{a}{V_1} = C_V T_2 + RT_2. \quad (4)$$

Теңдеудің сол жағындағы үшінші мүшені мына түрге келтіруге болады:

$$\frac{RT_1 V_1}{V_1 - b} = \frac{RT_1 (V_1 - b + b)}{V_1 - b} = RT_1 + \frac{RT_1 b}{V_1 - b}.$$

Осы өрнекті ескеріп, (4) теңдеуінен мынаны табамыз:

$$\Delta T = T_2 - T_1 = \frac{1}{R + C_V} \left( \frac{RbT_1}{V_1 - b} - \frac{2a}{V_1} \right), \quad (5)$$

мұндағы  $a$  және  $b$  - қарастырылып отырған су буының Ван-дер-Ваальстік тұрақтылары.

Қарастырылып отырған инверсиялық үдерісте мынадай үш жағдай орын алуы мүмкін:  $\Delta T = 0$  (нольдік эффект),  $\Delta T < 0$  қарастырылып отырған технологиялық үдеріс жағдайында мұны теріс эффект деп қарастыруға болады, себебі сыртқа шыққан бу ұлғаю жағдайында суиды да, қажетті температуралық режимді қамтамасыз ету үшін қосымша жылу мөлшері қажет болады, ал  $\Delta T > 0$  бұл жағдайды оң эффект деп қабылдаймыз, себебі су буы ұлғаю кезінде қызады да белгілі жылу мөлшерінің шығынын азайтуға мүмкіндік туады.

Жоғарыда келтірілген (5) – теңдеуден  $\Delta T$  -ның таңбасы жақша ішіндегі өрнектің таңбасымен анықтауға болатындығын көреміз.

Егер

$$T_u = \frac{2a}{Rb} \frac{V - b}{V}, \quad (6)$$

болса, онда инверсиялық эффект орын алмайды ( $\Delta T = 0$ ). Ал егер  $T$  -ның мәні өрнек мәнінен кіші болса, эффект теріс болып, су буы суиды. Ал температура мәні одан үлкен болса – термодинамикалық эффект оң болып, су буы қызады.

Су буының (6) өрнекпен анықталатын бастапқы температурасы инверсиялық деп аталады. Ал,  $T$ ,  $V$  жазығындағы (6) өрнекке сәйкес график инверсия қисығы деп аталып, ол шын мәнінде оң және теріс эффектілердің шекаралық қисығы болып табылады, яғни осы инверсия қисығынан жоғарыда жатқан нүктелер біздің қарастырып отырған жағдайымыздағы оң эффектіге ( $\Delta T > 0$ ), ал төменде жатқан нүктелер – теріс эффектіге ( $\Delta T < 0$ ) сәйкес келеді. Қалыптасқан тәжірибе инверсиялық температура мәнінің шамамен заттың кризистік температурасынан ( $T_k$ ) алты есе үлкен мәніне тең екенін көрсетіп отыр. Яғни

$$T_u \approx 6T_k = \frac{48a}{27bR}. \quad (7)$$

Өртүрлі заттар (газдар) үшін температураның осы мәндерін білу арқылы аталған инверсиялық эффектілерді сапалық тұрғыдан бағалауға болады. Біздің жағдайымызда бұл үдерістер нақты су буына қатысты қарастырылып отыр. Су буының кризистік температурасы шамамен  $T_k \approx 647K$  екені белгілі [6], олай болса бұл жағдай үшін инверсиялық температура  $T_u = 3883K$ , ал қарастырылып отырған кебу үдерісі өнеркәсіпте (мысалы, керамикалық материалдар өндірісінде) әдетте 470-490K температуралар жағдайында жүргізілетіндігі белгілі. Яғни үдеріс кезіндегі үлгі ішіндегі су буының алғашқы температурасы инверсиялық температурадан әлде қайда аз болатындығын байқаймыз. Бұл жағдайда теріс инверсиялық эффект ( $\Delta T < 0$ ) орын алатындығы анық. Қылтүтікті қуысты материалдардың кебу технологиясын іске асыру барысында жоғарыда қарастырылған инверсиялық эффектілерді ескерудің қажеттілігі туындайды.

Жоғарыда келтірілген инверсиялық эффектілерді сапалық және сандық тұрғыдан бағалау мақсатында кебу үдерістерін сипаттайтын кинетикалық теңдеулерді қарастырайық. Кебу үдерісінің екінші сатысы зоналық диффузиялық сипатта өтетіндіктен оларды модельдік үлгілер үшін (шексіз пластина, шексіз цилиндр және шар) сипаттау мақсатында мынадай дифференциалды теңдеулерді қолдануға болады.

Пластина үшін:

$$\frac{dx}{d\tau} = \frac{D_{\phi}}{x}; \quad (8)$$

Цилиндр үшін:

$$\frac{dx}{d\tau} = \frac{D_{\phi}}{(R-x) \ln \frac{R}{R-x}}; \quad (9)$$

Шар үшін:

$$\frac{dx}{d\tau} = \frac{D_{\phi}}{x} \cdot \frac{R}{R-x}, \quad (10)$$

мұндағы,  $D_{\phi}$  -эффективті диффузиялық коэффициент;  $\tau$ - уақыт;  $x$ -үлгінің кебу үдерісі жүріп өткен сыртқы бөлігінің қалыңдығы;  $R$ - анықтаушы өлшем, цилиндр және шар үшін оның радиусы, ал пластинка үшін оның қалыңдығының жартысы. Келтірілген (8) - (10) дифференциалды теңдеулерін  $\tau = 0, x = 0$  болатын бастапқы шартты ескере отырып интегралдау арқылы мынадай өрнектерді аламыз:

$$\frac{x^2}{2} = D_{\phi} \tau; \quad (11)$$

$$\frac{(R-x)^2}{2} [\ln(R-x) - \ln R - \frac{1}{2}] + \frac{R^2}{4} = D_{\phi} \tau \quad (12)$$

$$\frac{x^2}{2} \left( 1 - \frac{2}{3} \cdot \frac{x}{R} \right) = D_{\phi} \tau. \quad (13)$$

Келтірілген теңдеулерді пайдаланып қылтүтіктіқуысты модельдік үлгілердегі кебу бетінің ішкі қабаттарға жылжу механизмін бағалауға болады. Келтірілген теңдеулерді түрлендіру арқылы кебу барысындағы су буының салыстырмалы массасының өзгерісін, яғни модельдік үлгілердегі үдеріс кинетикасын сипаттайтын мынадай теңдеулерді алуға болады:

$$\frac{\left(\frac{\Delta m_{\tau}}{m_c}\right)^2}{2} = \frac{D_{\text{эф}} \tau}{R^2}; \quad (14)$$

$$\frac{1}{4} \left[ \left(1 - \frac{\Delta m_{\tau}}{m_c}\right) \ln \left(1 - \frac{\Delta m_{\tau}}{m_c}\right) + \frac{\Delta m_{\tau}}{m_c} \right] = \frac{D_{\text{эф}} \tau}{R^2}; \quad (15)$$

$$\frac{1}{2} \left[ 1 - \frac{2}{3} \frac{\Delta m_{\tau}}{m_c} - \left(1 - \frac{\Delta m_{\tau}}{m_c}\right)^{2/3} \right] = \frac{D_{\text{эф}} \tau}{R^2}, \quad (16)$$

бұлардағы  $\Delta m_{\tau}$  - кебу барысында ( $\tau$  уақыт ішінде) үлгіден сыртқы ортаға диффузиялық жолмен шығып кеткен бу массасы,  $m_c$  - кебу үдерісінің екінші сатысы басталар сәттегі үлгі бойындағы физикалық байланыстағы судың жалпы массасы.

Келтірілген (14)-(16) теңдеулердің оң жағындағы бірдей өрнек массатасымалдау үшін (диффузиялық) Фурье критерийі  $F_{0m} = \frac{D_{\text{эф}} \tau}{R^2}$  болып табылады. Бұл жағдайдағы ( $F_{0m}$ ) Фурье критерийі үлгілердегі екінші сатыдағы кебу үдерісінің жалпылама ұзақтығын сипаттайды.

Келтірілген кинетикалық теңдеулерді пайдаланып инверсиялық үдерістерге байланысты туындайтын жылуэффеқтілерін сандық тұрғыдан жоғарыда келтірілген (5) теңдеу арқылы былай бағалауға болады

$$Q_v = C_p v (T_2 - T_1) = v \left( \frac{RbT_1}{V_1 - b} - \frac{2a}{V_1} \right), \quad (17)$$

мұндағы  $v$  - су буының мөлшері.

Жоғарыда изотермиялық жағдайдағы кебу үдерісінің механизмі мен кинетикасы қарастырылды. Кейбір жағдайларда бұл үдерістер қыздыру барысында, яғни изотермиялық емес режимдерде жүруі мүмкін.

Қыздыру барысындағы диффузиялық коэффициенттің температураға тәуелділігін сипаттайтын мынандай заңдылық белгілі

$$D_{\text{эф}} = D_0 e^{-E/R_c \cdot T} \quad (18)$$

мұндағы  $D_0$  – қарастырылып отырған үдеріс үшін тұрақты шама,  $E$  – активациялық энергияны сипаттайтын шама,  $R_c$  - универсал газ тұрақтысы,  $T$ - температура. Осы өрнекті ескеріп модельдік үлгілердегі (пластина, цилиндр және шар) кебу үдерісінің екінші сатысының механизмін жуықтап сипаттайтын теңдеулерді жоғарыдағы (11) - (13) негізінде былай жазуға болады:

$$\frac{x^2}{2} = D_0 e^{-E/R_c \cdot T} \tau; \quad (19)$$

$$\frac{(R-x)^2}{2} \left[ \ln(R-x) - \ln R - \frac{1}{2} \right] + \frac{R^2}{4} = D_0 e^{-E/R_c \cdot T} \tau. \quad (20)$$

$$\frac{x^2}{2} \left( 1 - \frac{2}{3} \cdot \frac{x}{R} \right) = D_0 e^{-E/R_c \cdot T} \tau. \quad (21)$$

Қарастырылып отырған кебу үдерістерінің изотермиялық емес жағдайдағы кинетикасын жуықтап сипаттау мақсатында (19)-(21) негізінде мынадай теңдеулерді алуға болады:

$$\frac{\left(\frac{\Delta m_{\tau}}{m_c}\right)^2}{2} = \frac{D_0 e^{-E/R_s T} \tau}{R^2}; \quad (22)$$

$$\frac{1}{4} \left[ \left(1 - \frac{\Delta m_{\tau}}{m_c}\right) \ln \left(1 - \frac{\Delta m_{\tau}}{m_c}\right) + \frac{\Delta m_{\tau}}{m_c} \right] = \frac{D_0 e^{-E/R_s T} \tau}{R^2}; \quad (23)$$

$$\frac{1}{2} \left[ 1 - \frac{2}{3} \frac{\Delta m_{\tau}}{m_c} - \left(1 - \frac{\Delta m_{\tau}}{m_c}\right)^{2/3} \right] = \frac{D_0 e^{-E/R_s T} \tau}{R^2}. \quad (24)$$

Жоғарыда келтірілген модельдік үлгілердегі кебу үдерісінің екінші сатысындағы механизмі мен кинетикасын сипаттайтын теңдеулерді қолдана отырып, изотермиялық емес жағдайда орын алатын инверсиялық эффектілерді сапалық және сандық тұрғыдан жуықтап бағалауға мүмкіндік бар.

Сонымен жоғарыда келтірілген нәтижелер қылу үдерістерінің екінші сатысында орын алуы мүмкін инверсиялық сипаттағы термодинамикалық эффектінің салдарынан болатын жылу шығынын, яғни технологиялық отын шығынын ескеру қажет екен.

*Пайданылған әдебиеттер тізімі:*

- 1 Лыков М.В. Теория сушки «Энергия». - Москва.- 1968.- 472 с.
- 2 Кулбек М.К., Хамраев Ш.И. К теории второго периода сушки капиллярнопористых материалов. – Сборник научных докладов «Современные проблемы теории волн и разрушения». – Алматы, 2001г. –32-36 стр.
- 3 Сивухин Д.В. Общій курс физики. Т.2. Термодинамика и молекулярная физика.-М.: Наука,1990.-С.592.
- 4 Құлбекұлы М. Молекулалық физика және термодинамика .- Алматы : «Қарасай» баспасы, 2005.-240б.
- 5 Кулбеков М.К. К термодинамике процессов газопереноса при фазовых и химических превращениях в теплотехнологии капиллярнопористых материалов. – Поиск (Изденіс). №1(1)/2012.–135-139 бб.
- 6 Рид Р., Праускиц Дж., Шервуд Т.Свойства газов и жидкостей. Пер. с англ. –Л.: Химия, 1982. –592с.

МРНТИ 20.01.45:14.07.09  
УДК 002.6:37.016:37.013

М.Т. Салбырова<sup>1</sup>, А.Н. Бейкитова<sup>1</sup>

<sup>1</sup> Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы қ., Қазақстан

**PISA ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЗЕРТТЕУІН ЖҮРГІЗУ АЯСЫНДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ ФИЗИКА САБАҒЫНДА ЖАРАТЫЛЫСТАНУ САУАТТЫЛЫҒЫН ДАМУ**

*Аңдатпа*

Мақалада тұлғаны қалыптастыру мен алған білім сапасын сырттай бағалаудың маңызды құралы PISA (Programme for International Student Assessment) халықаралық мониторингтік зерттеуі қарастырылады. Бұл зерттеу - көптеген халықаралық сарапшылар үшін білім беру сапасының бірден-бір көрсеткіш. Ол оқушылардың пәндер бойынша білімді меңгеру деңгейі мен сапасын ғана емес, оқушылардың оқу жетістігін сырттай бағалау аясында функционалдық сауаттылықтың мынадай түрлері бағаланады: оқу сауаттылығы (қазақ тілі, орыс тілі); математикалық сауаттылық; жаратылыстану ғылыми сауаттылық (физика, имия, биология, география). Халықаралық зерттеулерде оқушылардың білім мен білік сапасының негізгі көрсеткіштерінің бірі - жаратылыстану сауаттылығы болып табылады. Ғылыми жаратылыстану сауаттылығы нақты жағдайларда ғылыми әдіс көмегімен шешілетін және зерттелінетін мәселелерді анықтау. Сондай –ақ, жаратылыстану ғылыми сауаттылық, ғылыми және инновациялық қызметтің қолдауына қабілеттілігін енгізе отырып, қоғамның мәдениет деңгейін көрсетеді.

**Түйін сөздер:** PISA, зерттеу, оқу сауаттылығы, математикалық сауаттылық, жаратылыстану ғылыми сауаттылық,қызығушылық, оқу стратегиясы, ақпарат көздері.

Аннотация

М.Т. Салбырова<sup>1</sup>, А.Н. Бейкитова<sup>1</sup>

<sup>1</sup> Казахский национальный педагогический университет им.Абая, Алматы, Казахстан

**PISA ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЗЕРТТЕУІН ЖҮРГІЗУ АЯСЫНДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ ФИЗИКА САБАҒЫНДА ЖАРАТЫЛЫСТАНУ САУАТТЫЛЫҒЫН ДАМУ**

В статье рассматривается международное мониторинговое исследование PISA (Программа международной оценки студентов), которая является важным инструментом для внешней оценки качества образования. Это исследование является единственным показателем качества для многих международных экспертов. Оценивается не только уровень и качество знаний студентов по дисциплинам, но и внешняя оценка академических достижений студентов: грамотность (казахский, русский); математическая грамотность; естественнонаучная грамотность (физика, химия, биология, география). В международных исследованиях одним из ключевых показателей знаний и умений учащихся является естественная грамотность. Научная грамотность может быть решена в научно-практических ситуациях и для выявления проблем, требующих изучения. Естественнонаучная грамотность, а также умение поддерживать научную и инновационную деятельность демонстрируют культуру общества.

**Ключевые слова:** PISA, исследование, грамотность, математическая грамотность, естественнонаучная грамотность, интерес, стратегии обучения, источники информации.

Abstract

**POSSIBILITIES AND ADVANTAGES OF THE PERSON - ORIENTED TRAINING OF PUPILS THROUGH INFORMATION AND COMMUNICATION TECHNOLOGIES Salbyrova**

Salbyrova M.T.<sup>1</sup>, Beikitova A.N.<sup>1</sup>

<sup>1</sup> Abai Kazakh national pedagogical University, Almaty, Kazakhstan

The article deals with the international PISA surveys (International Students' Appraisal Program), which is a major tool for internationally recognized students. This research is a unique example of international expertise for many years. Appreciate not only the degree and qualification of students in the discipline, but also the exception of the academic achievement of academic students: literacy mathematical certificate; natural genre (physics, name, biology, geography).

In the world of research, one of the key figures of knowledge and understanding is based on the purest grammar. The scientific literacy of science can be resolved in scientifically-practical situations and for the development of the problem, demanding learning. The gifted certificate, as well as the science and innovation, demonstrate the culture of society.

**Keywords:** PISA, research, grammar, mathematical certificate, natural writing, Interests, strategies, learning resources.

Қазақстан Республикасы 2011 - 2020 жылдарға арналған білім беруді дамытудың Мемлекеттік бағдарламасында «Қазақстан Республикасында ел басшылығының адами капиталды дамытудың қажеттілігі мен маңыздылығын түсініп, білім беру жүйесін реформалауды бастауға және жүргізуге жан-жақты қолдау көрсетуінің нәтижесінде білім беруді қарқынды дамыту мен жаңғырту мүмкін болып отыр» делінген [1]. Бұл Қазақстанның білім беру жүйесінің 2020 жылға дейін білім сапасын халықаралық деңгейде нәтиже беретінін айқындайды. Бүгінгі таңда ақпараттық білім кеңістігінде білім берудің ролін арттыру жағдайында еліміздің әлеуметтік-экономикалық даму деңгейінің өлшемі ретінде білім беру жүйесін жаңа тәсілдерге бағдарлау маңызды.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңының 8 – бабында «Білім беру жүйесінің басты міндеті – ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым мен іс - тәжірибе жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға, дамытуға және кәсіби шыңдауға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау» деп атап көрсетілген [2].

Тұлғаны қалыптастыру мен алған білім сапасын сырттай бағалаудың маңызды құралы PISA (Programme for International Student Assessment) халықаралық мониторингтік зерттеуі болып табылады. Бұл зерттеу - көптеген халықаралық сарапшылар үшін білім беру сапасының бірден-бір көрсеткіші.

Халықаралық PISA зерттеуінің мақсаты - 15-16 жас аралығындағы білім алушылардың оқу сауаттылығы, математикалық сауаттылық пен жаратылыстану сауаттылығын бағалау. 2009 жылы Қазақстан 15 жастағы білім алушылардың сауаттылығын тексеруге арналған PISA зерттеуіне қатысып көрді. PISA-2000 бірінші кезеңіне 43 ел қатысты, оның ішінде 34 ел ЭЫДҰ-ның мүшесі, ал PISA-2015 кезеңіне 71 ел қатысты [3]. Ол оқушылардың пәндер бойынша білімді меңгеру деңгейі мен сапасын ғана емес, оқушылардың оқу жетістігін сырттай бағалау аясында функционалдық сауаттылықтың мынадай түрлері бағаланады: оқу сауаттылығы (қазақ тілі, орыс тілі); математикалық сауаттылық; жаратылыстану ғылыми сауаттылық (физика, химия, биология, география). Халықаралық зерттеулерде оқушылардың білім мен білік сапасының негізгі көрсеткіштерінің бірі - жаратылыстану сауаттылығы.

Ғылыми жаратылыстану сауаттылығы нақты жағдайларда ғылыми әдіс көмегімен шешілетін және зерттелінетін мәселелерді анықтау болып табылады. Жаратылыстануға арналған тапсырмаларды орындау барысында оқушылардан жаратылыстанудың тексерілетін бөлімдері бойынша негізгі түсініктерді, заңдар мен ұстанымдарды білуін көрсете алуы ғана емес, оларды мәселелерді шешуде пайдалана алу қабілеттері, табиғат құбылыстарына түсінік беруі, қарапайым зерттеулер жүргізіп, олардың нәтижелерін ұсынулары талап етіледі. Ғылыми жаратылыстану сауаттылық, ғылыми және инновациялық қызметтің қолдауына қабілеттілігін енгізе отырып, қоғамның мәдениет деңгейін көрсетеді. Мектепте алған білімін күнделікті өмірдегі жағдайларда қолдану, қойылған мәселені ғылыми әдіспен шешу, әртүрлі ақпарат көздерімен жан-жақты жұмыс істей алу және оны сыни тұрғыдан бағалау, әр түрлі болжамдар көрсете отырып, оның дұрыс немесе бұрыстығына зерттеулер жүргізу, айтылған көзқарастарды дәлелдеу және негіздеу қабілеттілігі бағаланады [4].

Жаратылыстану сауаттылығы дегеніміз - жаратылыстану білімдерін қолдану, проблемаларды анықтау және қоршаған әлемді және адам іс-әрекетіндегі өзгерістерді түсіну үшін, сондай-ақ тиісті шешімдер қабылдау үшін қажетті тұжырым жасау қабілеті [5].

PISA тапсырмаларына мысал:

Мыс сымды темір төске қойып соққылаған. Сол кезде оның ішкі энергиясы қалай өзгереді? Әрбір пайымдауда «Иә» немесе «Жоқ» жауаптарының бірін айналдыра сызыңыз.


| Келесі жағдайлар орындала ма? | Иә немесе Жоқ |
|-------------------------------|---------------|
| Ішкі энергиясы өзгермейді     | Иә/ Жоқ       |
| Жылу алмасу арқылы артады     | Иә/ Жоқ       |
| Жылу істеу арқылы артады      | Иә / Жоқ      |
| Жылу алмасу арқылы азаяды     | Иә / Жоқ      |

Газға изобаралық жолмен  $Q$  жылу мөлшері берілгенде ол  $A$  жұмыс атқарды. Жүйенің ішкі энергиясының өзгерісі қалай болады? Әрбір пайымдауда «Иә» немесе «Жоқ» жауаптарының бірін айналдыра сызыңыз.

| Жүйенің ішкі энергиясының өзгерісі     | Иә немесе Жоқ |
|----------------------------------------|---------------|
| Кері таңбамен алынған жұмысқа тең      | Иә/ Жоқ       |
| Жылу мөлшеріне тең                     | Иә/ Жоқ       |
| Жылу мөлшерінен жұмысты шегергенге тең | Иә / Жоқ      |
| Жүйенің ішкі энергиясы жоқ болады      | Иә / Жоқ      |

Ауасы сорылған түтіктің бір шетінде бытыра, тығын және құс қауырсыны бар. Түтікті төңкерген кезде, үшеуі бірдей қозғала бастайды. Түтіктің төменгі шетіне бұрын қайсысы жетеді? Әрбір пайымдауда «Иә» немесе «Жоқ» жауаптарының бірін айналдыра сызыңыз.

| Түтіктің төменгі шетіне бұрын жетеді | Иә немесе Жоқ |
|--------------------------------------|---------------|
| Бытыра                               | Иә/ Жоқ       |
| Бытыра, тығын және құс қауырсыны     | Иә/ Жоқ       |
| Үшеуі бірдей                         | Иә / Жоқ      |
| Құс қауырсыны                        | Иә / Жоқ      |



Бала түзу сызықты қозғала отырып D нүктесінен бастап B нүктесіне барады, кейін E нүктесіне барады. Осы кездегі жол мен орын ауыстыру қалай болады?

- A. 6 м және 2м                      B. 7 м және 1м  
C. 6 м және 2м                      D. 7 м және 2м

PISA-ны дамыған мемлекеттердің статистика, білім және өндіріс салаларының ең мықты мамандары құрып, жылда жетілдіріп отырады. PISA халықаралық зерттеуі оқушы қабілетін мектепте оқып жүрген кезінде алған білімін пайдалануға, пәнаралық және практикалы-бағытталған мазмұнды түрлі есептерді шешуге, келешекте әрі қарай оқуға және қоғамда табысты әлеуметтену үшін математикалық және жаратылыстану ғылыми сауаттылығын дамытуға бағытталған.

*Пайданылған әдебиеттер тізімі:*

1 Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы ҚР Президентінің 2010 жылғы 7 желтоқсанындағы №1118 Жарлығы.

2 Мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту жөніндегі 2012 – 2016 жылдарға арналған іс - қимыл жоспары. ҚР 2012 жылғы 25 маусымдағы № 832 Қаулысы

3 Білім алушылардың жетістігін халықаралық бағалау бағдарламасы // URL: [www.bilim-pavlodar.gov.kz](http://www.bilim-pavlodar.gov.kz)

4 Ковалева Г.С. Основные результаты международного исследования качества математического и естественнонаучного образования TIMSS-2011. Аналитический отчет. -М.: ИСМО РАО, НФПК, 2013. – 58 с.

5 2019-2020 оқу жылында Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарында оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы: Әдістемелік нұсқау хат. – Нұр-Сұлтан: Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2019. – 440 б.

МРНТИ 29.01.45

УДК 31:167/168:32.973

*Ж.Қ. Сыдықова<sup>1</sup>, Р.Р. Жумабекова<sup>1</sup>*

*<sup>1</sup> Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті, Алматы қ., Қазақстан*

## **ЕСТУ СЕЗІМТАЛДЫҒЫНЫҢ СИПАТТАМАЛАРЫ. КЛИНИКАДАҒЫ ДЫБЫСТЫҚ ЗЕРТТЕУ ӘДІСТЕРІНІҢ ФИЗИКАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІНІҢ КЕЙБІР МӘСЕЛелЕРІ**

*Аңдатпа*

Бұл мақалада дыбыс есту сезім мүшелерінің көзі болғандықтан оның объективті сипаттамаларымен бірге субъективті, яғни адам және басқа да тірі ағзалардың тітіркену қабілетіне қарай анықталатын сипаттамалары қарастырылды. Есту мүшесі дыбыстарды анықтап ажыратуға көмектеседі. Зертхана негізінде өлшеу аспаптарының бірі- аудиометр құралы арқылы адам құлағының ең жақсы есту аралығын анықтау. Дыбыстың қаттылығы есту мүшесінің шектік деңгейі көрсетіліп, қаттылық дыбыстың қарқындылығына тәуелді болуы керек. Бұл тәуелділік дыбыс толқыны әсерінің құлақ сезімталдығына негізделген күрделі сипат алады. Сезімталдық құлақтың дыбыс толқынының физикалық сипаттамасына тәуелді физиологиялық қасиеті анықталды. Дыбыстың қаттылығын өлшеу үшін дыбыс тербелістерін элетр тербелістеріне айналдыратын шуыл өлшегіштер қолданылды сонымен қатар есту мүшесінің биофизикасы, құлылысы, есту мүшесінің гигиенасы, құлақ мүкістігі, диагнозы, емдеу шаралары жасалынды.

**Түйін сөздер:** Октава, шуыл өлшегіштер, реверберация, тұрғын толқындар, құлақ мүкістігі.

*Abstract*

## **CHARACTERISTICS OF HEARING SENSITIVITY. SOME PROBLEMS OF PHYSICAL FOUNDATIONS OF SOUND RESEARCH METHODS IN THE CLINIC**

*Sydykova Zh .K. <sup>1</sup>, Zhumabekova R. R. <sup>1</sup>*

*<sup>1</sup> Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan*

In this article, sound is a source of auditory sensations, along with its objective characteristics, characteristics of the subject, which are determined by the irritating ability of humans and other living organisms. A hearing aid helps detect sounds. One of the laboratory-based measuring instruments is to determine the best human hearing tone using an audiometer. The acoustic level of the ear should be determined by the level of the hearing aid, and the stiffness depends on the intensity of the sound. This dependence is compounded by the sensitivity of the sound signal to sound. The physiological properties of the sensory ear are determined depending on the physical characteristics of the sound wave. Noise measurements were used to measure sound vibrations in the form of electrode vibrations for measuring sound volume, as well as for biophysics, hearing loss, hearing loss, ears, diagnostics and therapeutic measures.

**Keywords:** octave, sound level meter, reverberation, longitudinal wave, ear hearing loss.

Аннотация

Ж.К.Сыдыкова<sup>1</sup>, Р.Р.Жұмабекова<sup>1</sup>

<sup>1</sup> Казахский национальный педагогический университет имени Абая, Алматы, Казахстан

## ХАРАКТЕРИСТИКИ ЧУВСТВИТЕЛЬНОСТИ СЛУХА. НЕКОТОРЫЕ ПРОБЛЕМЫ ФИЗИЧЕСКИХ ОСНОВ ЗВУКОВЫХ МЕТОДОВ ИССЛЕДОВАНИЯ В КЛИНИКЕ

В статье исследуется природа слуха, как источника сенсорного восприятия, а также его объективные характеристики, которые определяются субъективной, то есть раздражающей способностью людей и других живых организмов помогать обнаруживать и различать звуки. Слуховой аппарат помогает обнаруживать звуки. Одним из лабораторных измерительных приборов для определения наилучшего диапазона слуха человека является аудиометр. Громкость звука должна определяться уровнем слуха, а жесткость зависит от интенсивности звука. Эта зависимость усугубляется чувствительностью уха к воздействию звуковых волн. В статье определены физиологические свойства сенсорного уха в зависимости от физических характеристик звуковой волны. Измерения шума были использованы для измерения звуковых колебаний в форме колебаний электрода для измерения громкости звука, а также для биофизики, потери слуха, нарушений слуха, диагностики и терапевтических мер.

**Ключевые слова:** Октава, шумомеры, ревеберация, продольная волна, ушная тугоухость.

Дыбыс есту сезім мүшелерінің көзі болғандықтан оның объективті сипаттамаларымен бірге субъективті, яғни адам және басқа да тірі ағзалардың тітіркену қабілетіне қарай анықталатын сипаттамалары да қарастырылады.

Есту мүшесінде дыбыстың субъективті сипаттамаларына мыналар жатады: 1) жоғарылығы; 2) ырғақ (тембр); 3) қаттылығы. Дыбыс жоғарылығы тонның жиілігімен, сонымен қатар аздаған мөлшерде тон күрделілігі мен қарқындылығы арқылы сипатталады. Ырғақ – спектрлік құраммен анықталады. Қаттылық – тербеліс амплитудасымен анықталады.

Дыбыстың жоғарылығын бағалау үшін құлақ еститін дыбыс аймағы *октава* деп аталатын интервалдарға бөлінеді. Октава – шеткі екі жиілігінің қатынасы екіге тең болатын тон жоғарылығының ара қашықтығы [1].

Бірдей жиіліктегі күрделі тондар тербеліс түрі, яғни гармониялық спектрлері бойынша ерекшеленеді. Бұл ерекшелік құлаққа дыбыс ырғағы ретінде қабылданады. Мысалға, әртүрлі адамдардағы жиілігі бірдей сөздік дыбыстар ырғақтары бойынша ерекшеленеді.

Ортада еркін таралатын дыбыс *қума толқын* болып табылады. Ортаның белгілі бір аймағында ғана таралатын дыбыс толқындарын *тұрғын толқындар* деп атайды. Дыбыс толқыны тербеліс жиілігінің ортаның меншікті жиілігімен дәл келуі әсерінен тербеліс амплитудасы кенеттен артып кетеді, бұл құбылыс *дыбыстық резонанс* деп аталады және дыбысты күшейту үшін қолданылады.

Дыбыстың қаттылығы есту мүшесінің шектік деңгейін көрсетеді. Қаттылық дыбыстың қарқындылығына тәуелді. Бұл тәуелділік дыбыс толқыны әсерінің құлақ сезімталдығына негізделген күрделі сипат алады. Сезімталдық – құлақтың дыбыс толқынының физикалық сипаттамасына тәуелді физиологиялық қасиеті. Барлық сезім ағзаларының жалпы қасиетіне байланысты тітіркендіруші күшке бейімделуін *адаптация* деп атайды. Бейімделу әсерінен құлақтың сезімталдығы төмендейді немесе артады. Сондықтан құлақ өте кең аралықтағы қарқынды дыбыстарды қабылдай алады, алайда бірдей тербеліс жиілігіндегі дыбыс қаттылығы мен қарқындылығының арасында да тура пропорционалдық жоқ.

Тәжірибе көрсеткендей, тітіркендіру деңгейінің аздаған тітіркену өзгерісі  $\Delta I$ - ді тудыратын, бейімделумен байланысты тітіркендіру күшінің өсуі  $\Delta I$ , бастапқы тітіркендіру күші  $I$ -ге қатынасы тітіркенудің барлық аймағында  $\Delta I / I$  қатынасы тұрақты болатындай тәуелділікте болады. Бұл *Вебер заңы* деп аталады [2].

Алайда, дыбыстың тітіркендіру шамасын геометриялық прогрессия бойынша өзгертсек, оны сезіну арифметикалық прогрессия бойынша өзгереді.

Мысалы:  $aI_0, a^2I_0, a^3I_0 - (a - \text{коэфф.}); E_0, 2E_0, 3E_0$  т.с.с.

Дыбыс қаттылығын сезіну мен тітіркендіруші арасындағы байланысты *Вебер-Фехнер заңы* бойынша өрнектеуге болады:

$$E = k \lg(I / I_0), \quad (1.1)$$

мұндағы  $k$  - жиілік пен қарқындылыққа тәуелді пропорционалдық коэффициент.

Шартты түрде 1кГц жиілік кезіндегі дыбыстың қаттылығы мен қарқындылығы бір-бірімен сәйкес келеді деп есептейді, яғни  $k = I$  және,




$$E_B = \lg(I / I_0) \text{ немесе } E_\phi = 10 \lg(I / I_0) . \quad (1.2)$$

Қарқындылық шкаласынан қаттылық шкаласын ажырату үшін децибелді *фонмен* алмастырады. Адам құлағының ең жақсы есту аралығы 2500-3000 Гц .

Есту шапшаңдығын өлшеу әдісін *аудиометрия* деп атайды. Аудиометрия арқылы әртүрлі жиіліктегі есту сезімталдығын анықтайды, алынған қисықты *аудиограмма* деп атайды [3].

Аудиометрия аудиометр деп аталатын аппараттың көмегімен жүзеге асырылады. Оның негізгі тегігі дыбыстық жиіліктің барлық аймағындағы дыбыс қарқындылығының деңгейі мен жиілігін аса дәлдікпен және тәуелсіз реттеп отыратын дыбыстық генератор болып табылады (1-сурет).



Сурет 1. Дыбыстық генератор сызбасы

Адам ағзасындағы биологиялық өзгерістерді зерттеудің ең кең тараған түрі – *аускультация* (тыңдау) деп аталады. Аускультация үшін *стетоскоп* немесе *фонендоскоп* қолданылады. Аускультация өкпедегі шуылдар мен сырылдарды анықтауға көмектеседі. Жүректің жұмыстық режимін анықтау үшін осы әдіске ұқсас *фонокардиография* әдісі қолданылады. Бұл әдістен басқа денені тікелей тоқылдату арқылы зерттеу әдісін *перкуссия* деп атаймыз.

Дыбыстық толқындар өз жолындағы бөгеттерге соғылу арқылы жұтылады және шағылады. Ең көп жұтатыны жұмсақ денелер, ал шағылдыратыны қатты денелер.

Дыбыс көзін ажыратқаннан кейінгі дыбыстың бірте-бірте өшу үрдісі *реверберация* деп аталады. Дыбыстың қаттылығын өлшеу үшін дыбыс тербелістерін электр тербелістеріне айналдыратын – *шуыл өлшегіштер* (шумомеры) қолданылады.

### Есту мүшесінің биофизикасы

Адам есту мүшесі арқылы қоршаған ортадан әр түрлі дыбыстарды қабылдап талдайды. Есту мүшесі дыбыстарды анықтап ажыратуға көмектеседі. Адамдармен сөз арқылы қарым-қатынас жасайды. Еңбек майданында да есту мүшесінің алатын орны ерекше. Есту мүшесі дыбыс пен тепе-теңдікті сезеді.

Құрылысы: есту мүшесі - құлақ. Құлақ 3 бөлімнен тұрады: сыртқы, ортаңғы, және ішкі құлақ.

Сыртқы, құлаққа құлақ қалқаны, мен сыртқы дыбыс жолы жатады. Құлақ қалқаны ауадағы дыбыс тербелістерін құлақтың ішіне бағыттайды. Сыртқы дыбыс жолдарының ішкі шеті жұқа, тығыз, керілген дабыл жарғағымен бітеді. Оның шеміршекті бөлігінде май бездері мен сарғыш түсті секрет – құлық көп бөлінеді. Ал сыртқы есту жолындағы түктер қорғаныш қызметін атқарады: шаң, тозаңды, ұсақ жәндіктерді, микробтарды тұтып қалады. Құлақ қалқаны дыбыс тербелістерін қабылдайды да оны дабыл жарғағына жібереді. Сыртқы дыбыс жолдары арқылы дыбыс толқындары дабыл жарғағына, содан соң ортаңғы құлаққа өтеді. Дабыл жарғағы сыртқы құлақты ортаңғы құлақтан бөліп тұрады.

Ортаңғы, құлақ дабыл жарғағынан кейін басталады, ол самай сүйегінің ішінде орналасқан. Ортаңғы құлақтың ішінде ауа болады. Ортаңғы құлақ қуысы есту түтігі арқылы жұтқыншақпен жалғасады. Адам есінегенде, жұтынғанда есту түтігінің өзегі жұтқыншаққа ашылады, жай уақытта жабық болады. Ортаңғы құлақтың қуысында бірімен-бірі буын арқылы байланысқан 3 дыбыс сүйекшелері (балғашық, төс, үзеңгі) орналасқан. Үшеуін қосқандағы салмағы шамамен 0,05 г. Сүйекшелердің сырты сілемейлі қабықшамен қапталған. Балғашық, төс, үзеңгі деген атаулар пішіндері осы заттарға ұқсайтындықтан қойылған. Балғашық сүйегінің жіңішке шеті дабыл жарғағымен бітісіп кеткен. Жуандау шеті буын арқылы төс сүйекшесімен, ол үзеңгі сүйекшесімен қозғалмалы байланысады. Бұл сүйекшелер ортаңғы құлақтың қуысы арқылы дыбыс толқынын өткізеді. Дабыл жарғағының тербелісі алдымен осы үш сүйекке, содан соң ішкі құлаққа беріледі. Ортаңғы құлақ қуысындағы қысым атмосфера қысымымен

бірдей. Қысым кенеттен төмендеп немесе жоғарылап кетсе, құлақ бітеліп уақытша естімей қалады (әсіресе бұл ұшқанда байқалады).

Мұндай жағдайда жиі-жиі жұтыну керек. Адам жұтынғанда ортаңғы құлақ қуысындағы қысым атмосферадағы ауа қысымымен теңеседі.

Ортаңғы құлақтың бұлшық еттері дабыл жарғағы мен дыбыс сүйекшелері тізбегінің қалыпты тонусын сақтау, ішкі құлақты шамадан тыс дыбыстық тітіркендірулерден қорғау; дыбыс өткізгіш аппараты дыбыстық толқындарға бейімдеу қызметтерін атқарады.

Ішкі құлақтағы қуыстар мен иірім өзекшелерден тұратын күрделі жүйені шытырман (лабиринт) деп атайды. Мұндағы шытырманның сыртқысы - сүйекті, ал ішкісі - жарғақты шытырман деп аталады. Шытырмандар - есту мен тепе-теңдік мүшелері. Сүйекті шытырманның ішінде жарғақты шытырман орналасады. Жарғақты шытырманның қабырғалары жалпақ эпителиймен қапталған жұқа дәнекер тақташадан (пластинка) түзілген. Жарғақты шытырманның ішінде лимфа сұйықтығы болады. Оралма тәрізді ширатылған ұлу-дене - есту мүшесі. Бұл ұлудененің қуысы сұйықтыққа толы болады. Ұлуденедегі сезімтал жасушалар дыбыс толқынын қабылдап, козуды естужүйкесіне өткізеді. Қозу есту жүйкесі арқылы ми қыртысының самай бөлігіндегі есту орталығына жеткізіліп, талданып жинақталады [4-5].

Дыбыс өткізгіш аппаратына құлақтың сыртқы, ортаңғы, ішкі бөліктері мен перилимфа, эндолимфа, геликотрема жатса, дыбыс қабылдағыш аппаратына кортий мүшесінің сезімтал жасушалары ұлудың сүйекті бөлігіндегі спиральді түйін, есту жүйкесінің өткізгіш жолдары мен ядролары, ми қыртысының самай бөлігіндегі оң және сол жақтағы (ми орталығы) орталықтары жатады.

#### **Есту мүшесінің гигиенасы**

Есту мүшесінің қалыпты жұмыс істеуі алдымен тазалық сақтауға байланысты. Ол үшін құлақты сабындап жылы сумен жуып тұру керек. Әдетте, құлақтың сыртқы дыбыс жолының бездерінен құлық бөлінеді. Құлық шаң-тозаң мен зиянды микробтарды ішке өткізбей қорғаныштық қызмет атқарады. Дегенмен, құлақта құлық көбейсе, адам естімей, керең болып қалуы мүмкін. Сондықтан құлықты ауық-ауық тазалап тұрған жөн. Құлынқты тазалағанда қатты, үшкір заттарды пайдалануға болмайды. Дабыл жарғағы зақымдануы мүмкін.

#### **Есту мүшесіне ішімдік өте зиян**

Мас адам дыбысты естігенімен, қай жақтан шыққанын бағдарлай алмайды. Тәлтіректеп барып қолайсыз жағдайға ұрынуы мүмкін.

- 2 Guerrero-Roldan A., Noguera I. *A model for aligning assessment with competences and learning activities in online courses* // Ana-Elena Guerrero-Roldán, Ingrid Noguera / *The Internet and Higher Education*, 2018, 38 (2018), p 36–46
- 3 Brualdi A. *Implementing Performance Assessment in the Classroom* // Amy Brualdi / *Practical Assessment, Research & Evaluation*, November, 1998, Volume 6, Number 2
- 4 *Teaching and learning in high education [Интернет-ресурс]* // *Teaching and learning in high education* / May 2019 – URL: [http://www.queensu.ca/teachingandlearning/modules/active/12\\_exampls\\_of\\_active\\_learning\\_activities.html](http://www.queensu.ca/teachingandlearning/modules/active/12_exampls_of_active_learning_activities.html)
- 5 Сағымбаева А.Е. «Болашақ информатика мұғалімдерін оқушылардың білімін бақылау мен бағалауға дайындаудың теориялық-әдістемелік негіздері» педагогика ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертацияның авторефераты // А.Е. Сағымбаева / Алматы, 2010, 19-бет.
- 6 Degen R.J. *Effective Student Assessment in Virtual Learning Courses Based on the Guided-Experience Approach* // Ronald Jean Degen / *Working paper*, 2012, 93/2012.

МРНТИ 20.01.07  
УДК 378.147:004

М. Серік<sup>1</sup>, Д.Б. Баумуратова<sup>2</sup>

<sup>1</sup>Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан

<sup>2</sup>М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті, Шымкент қ., Қазақстан

## ТЕХНИКАЛЫҚ ЖӘНЕ КӘСІПТІК БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕ БҰЛТТЫҚ ШЕШІМДЕР БОЙЫНША ОҚЫТУ МҮМКІНШІЛІКТЕРІ

### *Аңдатпа*

ҚР Тұңғыш Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстанның Үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» атты Қазақстан халқына Жолдауында «Цифрлы Қазақстан» бағдарламасын жүзеге асырудың негізгі бағыттары көрсетілген. Осы бағыттардың бірі – жаңа тұрпатты тұлғаның өзіндік дамуына сәйкес келетін заманауи білім қалыптастыру үшін оқу үрдісіне цифрлық және ақпараттық коммуникациялық технологияларды пайдалану. Мақалада зерттеу жұмысына байланысты экономика салаларын цифрландыру мен адами капиталды дамыту бойынша мәселелері қарастырылған. Зерттеу жұмысында техникалық және кәсіптік білім беру жүйесіндегі бұлттық шешімдер бойынша оқыту мүмкіншіліктері қарастырылған. Колледждің ақпараттық технологияларға байланысты мамандықтарының оқу үрдісіне бұлттық шешімдер бойынша арнайы пәндер ендіріліп, сәйкесінше білім мазмұнын жаңартуды іске асыру жолдары қарастырылған. Оқу үрдісінде бұлттық технологияларды қолданудың артықшылықтары мен кемшіліктері көрсетілген. Сонымен қатар бұлттық шешімдер бойынша оқыту мүмкіншіліктерін қолдануда пәнаралық байланыс принциптері қарастырылған.

**Түйін сөздер:** техникалық және кәсіптік білім беру жүйесі, колледждегі оқу үрдісі, оқу үрдісіндегі бұлттық шешімдер, бұлттық технологиялар, арнайы пәндер.

### *Аннотация*

М. Серік<sup>1</sup>, Д.Б. Баумуратова<sup>2</sup>

<sup>1</sup> Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, г. Нұр-Сұлтан, Казахстан

<sup>2</sup> Южно-Казахстанский государственный университет им.М.Ауэзова, г. Шымкент, Казахстан

## ВОЗМОЖНОСТИ ОБУЧЕНИЯ ОБЛАЧНЫМ ВЫЧИСЛЕНИЯМ В СИСТЕМЕ ТЕХНИЧЕСКОГО И ПРОФЕССИОНАЛЬНОГО ОБРАЗОВАНИЯ

В Послании Первого Президента РК Н.А. Назарбаева народу Казахстана «Третья модернизация Казахстана: глобальная конкурентоспособность» обозначены основные направления реализации программы «Цифровой Казахстан». Одним из этих направлений является использование в учебном процессе цифровых и информационно-коммуникационных технологий для формирования современных знаний, соответствующих саморазвитию личности новой формации. В статье рассматриваются связанные с исследованием вопросы цифровизации экономических отраслей и развития человеческого капитала. В исследовательской работе рассматриваются возможности обучения по облачным решениям в системе технического и профессионального образования. В колледже в учебном процессе для специальностей, связанных с информационными технологиями, вводятся специальные дисциплины по облачным решениям, то есть таким образом, рассматриваются пути реализации обновления содержания образования. Наряду с этим рассматриваются принципы междисциплинарных связей при изучении облачных решений.

**Ключевые слова:** техническая и профессиональная система образования, учебный процесс колледжа, облачные решения в учебном процессе, облачные технологии, специальные предметы.

Abstract

## LEARNING OPPORTUNITIES OF CLOUD COMPUTING IN THE SYSTEM OF TECHNICAL AND PROFESSIONAL EDUCATION

Serik M.<sup>1</sup>, Baumuratova D.B.<sup>2</sup>

<sup>1</sup>Eurasian National University named after L.N. Gumilev, Nur-Sultan, Kazakhstan,


<sup>2</sup>South Kazakhstan State University named by M. Auezova, Shymkent, Kazakhstan

In the Address of the First President of the Republic of Kazakhstan N.A. Nazarbayev to the people of Kazakhstan "Third Modernization of Kazakhstan: Global Competitiveness" the main directions for the implementation of the "Digital Kazakhstan" program are outlined. One of these areas is the use of digital and information and communication technologies in the educational process to form modern knowledge corresponding to the self-development of the personality of a new formation. The article deals with the research-related issues of digitalization of economic sectors and the development of human capital. The research study examines the possibilities of learning cloud solutions in the system of technical and vocational education. In the college, in the educational process for specialties related to information technology, special disciplines on cloud solutions are introduced, that is, in this way, ways to implement updating the content of education are considered. Along with this, the principles of intersubject communications in the study of cloud solutions are considered.

**Keywords:** technical and professional education system, college learning process, cloud solutions in the learning process, cloud technologies, special items.

"Цифрлы Қазақстан" мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 12 желтоқсанындағы №827 Қаулысының "Цифрлы инфрақұрылымды дамыту" атты 3.3 бабында ақпараттық-технологиялық инфрақұрылым экономикалық дамудың маңызды элементі болып қалыптасуда екендігі аталған. Заманауи қолжетімді телекоммуникациялық инфрақұрылымсыз Қазақстанның әлемдік экономикалық және ақпараттық кеңістікте орнығуы мүмкін еместігін және АКТ қолжетімділігі цифрлық экономиканы құрудың іргетасы екендігі келтірілген [1].

Заманауи АКТ саласының мамандарын даярлау заман ағымынан кешікпей, қадам алда болуы қажет. Сондықтан техникалық және кәсіптік білім беру жүйесінде АКТ мамандарын даярлау күрделі өзекті мәселенің бірі. Аталған бағдарлама төмендегідей бес бағытты қамтитыны белгілі және біз зерттеу жұмысымызда негіз ретінде экономика салаларын цифрландыру мен адами капиталды дамыту бойынша сұрақтарға тоқталамыз (сурет 1).



Сурет 1. "Цифрлы Қазақстан" мемлекеттік бағдарламасының негізгі бес бағыттары мен зерттеу пәні бойынша колледжде студенттерді даярлауға алынған бағыттан көрініс

Аталған мақалада зерттеу жұмысымызға байланысты экономика салаларын цифрландыру мен адами капиталды дамыту бойынша мәселелерді қысқаша қарастырып өтеміз. Заманауи компьютерлік технологиялардың дамуы қазіргі қоғамда, әлеуметтік-экономикалық салалардағы үрдістердің жетілдірілуіне қатты әсер етеді. Желілік технологияларды, әртүрлі қосымшаларды пайдаланып, үйден шықпай-ақ түрлі операцияларды жасауға мүмкіндік береді, мысалы төлемдерді төлеу, ақпарат алмасу және т.б.

Күнделікті көптеген желі арқылы өтетін ақпараттар серверлерде үлкен орын алатыны белгілі. Сондықтан да мамандар үнемі бағдарламаларды жетілдіріп отырады, оларды ыңғайлы әрі ықшам етеді.

Қазіргі уақыттағы ең жетілдірілген бағдарламалардың бірі бұлттық технологияларға байланысты бағдарламалар мен қосымшалар немесе желіде таратылатын көптеген серверлерде деректерді сақтаудың онлайн-моделі екені белгілі және бұл технологияда клиенттерге ақпараттық-коммуникациялық сервистерді ұсыну негізінен үшінші тараптың ұсынылуымен жүзеге асырылады.

Қазіргі кезде ақпаратты бұлтта сақтау толық жүзеге асырылмайды, ол бір жағынан клиенттердің ақпараттарының қауіпсіздігі, құпия ақпараттарды жеке меншік серверлерде сақтау және т.б. себептерге байланысты. Болашақ кәсіби мамандарды кәсіби даярлау үрдісінде бұл технологияларға оқыту қазір жүзеге асырылып келеді. Ғылыми және әдістемелік әдебиеттерге, Интернет басылымдарға назар аударсақ, бұл тақырып бойынша іс-әрекеттер жасалуда. Сондықтанда бұлттық технологиялар бойынша жоғары білімді, білікті мамандарды даярлау заман талабы. Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарында қазіргі кезде жоғары құзыретті мамандар даярланатыны белгілі. Осы мәселеге байланысты алдымен біз мынадай түсініктерге көңіл бөлеміз. Харченко Л.Н. "Колледж түлектері стандартты емес креативті шешімдерді талап ететін жаңа кәсіби міндеттерді шешуге және өзін өзі дамытуға даяр болу керек екенін атап өтеді. Колледж студенттерінде креативтіліктің қалыптасуы педагогикалық шарттардың құрылуымен, белгілі бір сала бойынша кәсіби даярлықтарының жоғары дәрежеде болуымен де ұштастырады. Сонымен бірге кәсіби білім алуда мотивацияның жоғары болуы, интегративті қабілетілік, белсенділік сияқты тұлғалық қасиеттердің қажеттігін атайды" [2].

Креативтілік туралы Асфаров О.В. "Орта кәсіби білім беру адами капитал концепциясын жүзеге асыруы керек, пәндік-ақпараттық білімнен кәсіптік-іскерлік білімге, анықтаудың орнына алға жылжуды, репродуктивтіден шығармашылыққа ауысуды талап етеді. Колледж студентінің креативтілігі олардың кәсіби-тұлғалық жаңа сатыға көтерілуін, кәсіби іс-әрекетте шығармашылығын, стандартты еместігін, икемділігін танытады" деп атап өтеді [3].

Колледж студенттерінде жоғарыда келтірілген және т.б. креативтілік туралы айтқан авторлардың ойларын, біз зерттеу жұмыстары кезінде оқу үрдісіне ендірген жаңа пәндерді игеру кезінде жүзеге асырылғанын, соның ішінде стандартты емес ойлау мен креативті іс-әрекеттерінің көрініс тапқанын атап өтеміз. Бұл қасиеттер бұлттық шешімдерге оқытуда, бұлттық сервистердің әдістерін меңгеруде жүзеге асырғанында көрініс табууда.

"Цифрлы Қазақстан" мемлекеттік бағдарламасының 5.4 бабында адами капиталды дамытуға байланысты бөлімінде "Кадрлар біліктілігі саласында Бағдарламада қойылған мақсаттарға қол жеткізу үшін білім беру жүйесі ең үздік әлемдік тәжірибелерге сәйкес толығымен жаңартылатын болады. Жаңа білім беру деректер мен формулаларды жаттап алуға емес, ең алдымен ақпаратты талдау дағдылары мен креативті ойлаудың дамуына екіпін қойып, цифрлық экономиканың қажеттіліктеріне жауап беретін болады" - деп те атап өткен [1].

Қазіргі кезде Қазақстан Республикасының орта мектептерінде, кәсіптік білім беру жүйесінде, жоғары оқу орындарында бұлттық технологияларға оқытуда бұлттық шешімдердің негіздеріне қарай көп көңіл бөлінген. Сонымен бірге біз оқу үрдісінде бұлттық технологияларға байланысты мынадай мүмкіншіліктердің ескерілуін атап өтеміз:

- ұйымның локальды желісін пайдаланып, локальды домендегі бұлттық қойма құруды ұйымдастыру;
- серверлерде жеке меншік бұлт құруды үйрену және оны ауқымды желіде хостингте орналастыру мен пайдалана алу;
- ашық, жабық, гибридті бұлттардың принциптерін пайдаланып жұмыс істеу;
- үлкен деректерді (Big Data) сақтау мен оларды өңдеуді игеру;
- жоғары өнімді бұлттық есептеулерді жүзеге асыру;
- on-line компилятор ұйымдастыру;
- бұлттық технологиялар клиент-сервер технологиясының жетілдірілген версиясы принципін жүзеге асыра білу;
- заманауи виртуалдау технологиясын игеріп, жүзеге асыру мен оқу үрдісінде қолдану;
- академиялық бұлттардың сервистерін қажетінше тиімді қолдана білу мен альтернативті нұсқасын ұйымдастыруға баулу.

Білім беру ұйымдарында оқу үрдісінде бұлттық технологияларға оқыту мүмкіншіліктері бойынша жазылған кейбір еңбектерде олардың артықшылықтары мен кемшіліктеріне тоқталады.

Бұлттық технологиялардың артықшылықтары:

- қашықтағы серверде тегін орналастыру мүмкіншілігі;
- Интернетке қосылған кез келген компьютер арқылы деректерге жету мүмкіншілігі;
- заманауи деректер қорын ұйымдастыру мүмкіншілігі;
- аппараттық ақаулық болған жағдайда да деректердің сақталуының жоғары ықтималдығы;
- смартфон, планшет, т.б. құрылғылар арқылы ақпарақа жету мүмкіншілігі.

Бұлттық технологиялардың кемшіліктері:


- бұлтты провайдердің құпия деректерді ұстап алу мүмкіндігі және оларды кейіннен дешифрлеуі (егер шифрленген болса);
- Интернетке қосылудың жоғары талаптары;
- барлық деректерді Интернет-провайдерге тек сақтау үшін ғана емес, сонымен қатар өндеу үшін де сенуге болмайтындығы [4].

Колледждерде оқу үрдісінде бұлттық технологияларды қолдануда барлық ең танымал десктопты мен мобильді платформаларда жұмыс істеу мүмкіншілігін пайдалануы қарастырылған:

- Windows, Linux; UNIX, MacOC, iOS, Android және Windows Phone жүйелерін компьютердің сипаттамасына қарай қолдануы;
- қандай құрылғыда болсаңыз да, бұлттың артықшылықтарын пайдалана алуы;
- бұлт қызметін пайдалауда ыңғайлы интерфейстің болуы;
- қажет ақпаратты бұлттан тез алу мүмкіндігі;
- сақталатын немесе жіберілетін файлдардың антивирус арқылы тексерістен өткізілетіні;
- бұлтта серіктестікпен бірігіп жұмыс істеу мүмкіншілігі;
- оқытушының студенттердің жұмысын тексеру мүмкіншілігінің болуы [5].

Авторлардың жоғарыда айтып өткен ойлары біздің жағдайда да техникалық және кәсіптік білім беру жүйесінің оқу үрдісінде бұлттық шешімдер бойынша оқытуда қарастырылады.

Бұлттық шешімдер - IT-құрылымдарды ұйымдастырудың қазіргі кездегі өзекті концепциясы. Олар IT-инфрақұрылымды құруға және иеленуге кететін шығынды едәуір азайтып, басқаруды жеңілдетеді. Интернет материалдарына шолу жасау негізінде мынадай бұлттық шешімдер туралы ақпарат бар екенін білеміз (сурет 2).



Сурет 2. Бұлттық шешімдерден мысалдар

М. Өтебаев атындағы жоғары жаңа технологиялар колледжінің 1304000-"Есептеу техникасы мен бағдарламамен қамтамасыз ету" мамандығының оқу бағдарламасына 108 сағат және 1305000-"Ақпараттық жүйелер" мамандығының оқу бағдарламасына 66 сағат бұлттық шешімдерге байланысты пәндер ендірілді.

Аталған пәндер БҰАП00 (жұмыс берушілердің талаптары бойынша білім беру ұйымдары анықтайтын пәндер) циклының "Білім беру ұйымдары анықтайтын пәндері" қатарынан орын алады және үлгілік оқу жоспары бойынша оқыту уақытының көлемі 108 және 66 сағат болып есептеледі [6].

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазанындағы № 604 "Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартын бекіту туралы" бұйрығының 17-бабында техникалық және кәсіптік білім беру бағдарламалары міндетті пәндермен және (модульдермен) қатар, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдары айқындайтын пәндерді және (немесе) модульдерді қамтитыны аталып өткен. Сонымен бірге элективті пәндер және модульдер каталогының, жеке оқу жоспарының нысанын, құрылымын, әзірлеу және бекіту тәртібін техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдары өз бетінше айқындайтыны мен оқу пәнін және модулін зерделеу мен интеграциялаудың бірізділігі, олардың әрқайсысы бойынша оқу уақытын пәнаралық байланыстарды ескере отырып, курстарға және семестрлерге бөлінетіні аталған [7]. Біз оқу үрдісіне

ендіріп отырған пәндер осы бұйрыққа негізделген және мамандардың кәсіптік құзыреттілігінің заманауи технологиялар бойынша жоғары дәрежеде қалыптасуына себін тигізеді, себебі бұлттық технологияларға оқытуды бастау орта мектептің 9-11 сыныптарының жаңаша үлгілік оқу бағдарламасынан орын алған, алдағы оқу жылдарынан оқыту басталмақ. Техникалық және білім беру ұйымдарында бұлттық технологияларды қолданып оқыту - таным үрдісінің жоғарылауына септігін тигізетін, оқыту үрдісін интерактивті формада ұсынатын, on-line режимде дидактикалық құрал ретінде қолдануға болатын үрдіс деп есептейміз.

Жоғарыда аталып өткендей М.Өтебаев атындағы жоғары жаңа технологиялар колледжінің 1304000-"Есептеу техникасы мен бағдарламамен қамтамасыз ету" және 1305000-"Ақпараттық жүйелер" мамандықтарының оқу үрдісінде бұлттық шешімдерге байланысты ендірілген пәндердің мазмұны бойынша төмендегідей жалпылама сипаттама береміз (кесте 1):

Кесте 1 - Бұлттық шешімдерге байланысты пәндер мазмұнына жалпылама шолу

| № | Қарастырылатын модульдер                                                        | Бұлттық шешімдер бойынша оқу үрдісіндегі тиімді мүмкіншіліктері                                                                                                                                                                                                                       |
|---|---------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| 1 | Бұлттық шешімдерге кіріспе.                                                     | Белгілі бұлттық технологиялармен танысу. Компаниялар сервистерін қолдану. Ерекшеліктерін білу. Графикалық процессор (GPU) негізіндегі бұлттық сервистер.                                                                                                                              |
| 2 | Бұлттық технологиялардың түрлері, деңгейлері.                                   | SaaS, PaaS, IaaS, DaaS сервистері, ерекшеліктері, пайдалану мүмкіншіліктерін игеру.                                                                                                                                                                                                   |
| 3 | Локальды домінде бұлттық қойма құру. Жеке меншік бұлт.                          | Web-серверлерге шолу. Бұлттық қойма құру технологиялары. Белгілі бір web-серверге талабына сай бұлттық қойманың қосымшасын таңдау және орнату. Локальды желіде жеке меншік бұлттық қойма құруды ұйымдастыру. Қойманы бірігіп қолдануды игеру. Әртүрлі web-серверлерді қолдана білу.   |
| 4 | Бұлттық есептеулер. On-line компилятор.                                         | On-line компиляторға шолу, ерекшеліктері. Таңдау бойынша бағдарламалық орталарды пайдалану.                                                                                                                                                                                           |
| 5 | Қоғамдық бұлт. Гибридті бұлт. Ерекшеліктері.                                    | Белгілі қоғамдық, гибриді бұлттар сервистерін білу.                                                                                                                                                                                                                                   |
| 6 | Академиялық бұлт.                                                               | Белгілі компаниялардың академиялық бұлттарымен танысу, қатынау. Құрылған жеке меншік бұлтты пайдаланып, дидактикалық материал орнату. Жоба құру.                                                                                                                                      |
| 7 | Виртуалдау технологиялары. Виртуалды машина құру мен игеру.                     | Заманауи виртуалдау технологияларымен танысу, саралау. Компьютер сипаттамасына сәйкес қажет виртуалды машина орнату және пайдалана алуы игеру. Жоба құру. Қолданушыларды тіркеу.                                                                                                      |
| 8 | Бұлттық технологиялар және деректер қоры мен оларды ұйымдастыру технологиялары. | Белгілі бұлттық шешімдерге ие компаниялардың серверлерін деректер қорын құруда пайдалануды игеру. Тегін және ақылы сервистерді пайдалана алу. Серверлерде деректер қорын құруда жеке альтернативті нұсқасының жобасын жасау. Жоба нәтижесінде әртүрлі құрылғылардан сұраныстар жасау. |

Ұйымдастырылып отырған пәндердің жалпы мақсаты - колледж студенттеріне бұлттық шешімдер жөнінде білім, білік және дағды қалыптастыруды теориялық және практикалық тұрғыда негіздеу.


Зерттеу жұмысымыздың барысында ұсынған пәндерді игеруде, техникалық және кәсіптік білім беру жүйесінде бұлттық шешімдер бойынша оқыту мүмкіншіліктерін қарастыруда жоғарыда аталып өткендей пәнаралық байланыс принципі жүзеге асырылды, атап айтқанда төмендегі пәндер мазмұнымен пәнаралық байланыс тікелей байқалады:

- ақпараттық-коммуникациялық технологиялар;
- компьютер архитектурасы;
- операциялық жүйелер;
- алгоритмдер теориясы;
- бағдарламалау;
- желі және желілік технологиялар;
- деректер қоры және ақпараттық жүйелер;
- сонымен қатар әдістемелік-дидактикалық мәселелерге байланысты оқытылатын пәндер себі тиетіні белгілі.

Жалпы пәнаралық байланыс педагогика ғылымында философиялық, психологиялық, дидактикалық және әдістемелік жағынан қарастырылатын кешенді сала.

Пәнаралық байланыстың дидактикалық негізіне оқу пәндері алынған. Ғылымдардың гуманитарлық, жаратылыстану және техникалық болып дәстүрлі топтастырылуы, олардың зерттейтін нысандарының орталығына, пәндік қатынастардың бірлігіне негізделген. Олар қоғам, экономика, әлеуметтік салалары бойынша біріктіріледі де, әр пән өз ішінде білім, білікке арналған материалдарды және студенттердің жалпы таным нысандарын бір жүйеге келтіреді. М.Өтебаев атындағы жоғары жаңа технологиялар колледжінің 1304000-"Есептеу техникасы мен бағдарламамен қамтамасыз ету" мамандығы мен 1305000-"Ақпараттық жүйелер" мамандығының оқу бағдарламасына сәйкес ендірілген бұлттық шешімдер пәндері оқу-әдістемелік кешендермен қамтамасыз етілді.

Зерттеу тақырыбы бойынша келесі қарастырылатын мүмкіншіліктің бірі - бұлттық технологиялардың оқу үрдісін жетілдіруде қолданылатын құрал ретінде қарастырылуы. Ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың (АКТ) оқыту мен оқытудың сапасына тиімді ықпал ететінін өмірден көріп жүрміз. Ендеше қазіргі кезде білім мазмұнын жаңартудың жаңашыл құралы ретінде бұлттық технологиялардың да мүмкіндіктерін пайдалану жүзеге асырылуда. Сонымен бірге қоғамның әлеуметтік, экономикалық қажеттіліктеріне қажет мамандарды даярлауда білім беру үрдісінде икемді құрал болып жүргенін көрудеміз. М.Өтебаев атындағы жоғары жаңа технологиялар колледжінің сабақ беру үрдісінен мынадай мысал келтіре аламыз (сурет 3).



*GOOGLE-кестеде студенттердің білімін тексеру үшін анкета ұйымдастырудан көрініс*

*Дұрыс ұйымдастырылған жағдайдағы желіде келесі бір жауаптың қабылдануы*

*Сурет 3. Бұлттық технологияның студенттердің білімін тексеру құралы ретінде қолданылуы*

Техникалық және кәсіптік білім беру жүйесінде бұлттық шешімдер бойынша оқыту мүмкіншіліктерін қарастыруда зерттеу жұмысымыздың кезеңдері бойынша жүргізіліп жүрген тәжірибелік-эксперименттік жұмыстар да оң нәтижелер көрсетуде. Зерттеу тақырыбына сай колледж студенттерінің бұлттық шешімдер бойынша білімі, білігі және дағдысының қалыптасуы бойынша алынған мазмұндық, ақпараттық және ұйымдастырушылық компоненттері, олардың көрсеткіштері мен критерийлері құрастырылып, оң нәтижелер көрсетуде. Мотивациялық компонент оқу үрдісінде оқытылатын пәнге деген қызығушылық, танымдық қызығушылықтың қалыптасуына, т.б. негізделеді. Мазмұндық компонент мазмұнды жалпылау, оқу материалын жалпылау, оқу пәндерін кіріктіру, дидактикалық бірліктердің кеңеюі және т.б. арқылы жүзеге асырылады. Ұйымдастырушылық компоненті бағдарламалау, жобалалар құру, «бұлттық» әдістерді қолдауға бағытталған. Таңдап алынған компоненттердің жүзеге асырылуын бұлттық технологиялар қосымшалары мен колледж студенттер ұйымдастырған бағдарламалар қолдайды.

*Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:*

1. Мемлекеттік бағдарламаны бекіту туралы қаулы // <http://adilet.zan.kz/kaz/doc/P1700000827>
2. Харченко Л.Н. *Технология формирования креативности студентов: Монография.* - М.; Директ-Медиа, 2014. - 271с.
3. Асфаров О.В. *Организационно-педагогические условия подготовки студентов колледжа к проявлению креативности // Новые технологии, 2011. <https://cyberleninka.ru/article/n/orgnizatsionno-pedagogicheskie-usloviya-podgotovki-studentov-kolledzha-k-proyavleniyu-kreativnosti>*

4. Газейкина А.И., Кувина А.С. Применение облачных технологий в процессе обучения школьников // Педагогическое образование в России. - 2012. - № 6. - С.55-59.

5. Петруникова К.В., Шепелькевич О.В. О возможности использования облачных технологий в образовательном учреждении //Сб. материалов международной научно-практической конференции "Актуальные проблемы методики обучения информатике в современной школе". - М.: МГПУ, 2016. - С.346-349.

6. [http://adilet.zan.kz/kaz/docs/V15011690\\_5#z5](http://adilet.zan.kz/kaz/docs/V15011690_5#z5), 04.08.2019 жыл

7. "Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартын бекіту туралы". ҚР Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазанындағы № 604 бұйрығы <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1800017669>, 04.08.2019 жыл

МРНТИ 27.43

УДК 519.2

*Л.М. Туkenова<sup>1</sup>, А.Б. Какимсейт<sup>1</sup>*

*<sup>1</sup>Нархоз университеті, Алматы қ., Қазақстан*

### **ЛОГИСТИКА САЛАСЫНДА ТАПСЫРЫСТАРДЫ ЖӘНЕ ТӘУЕКЕЛДІЛІКТЕРДІ БАСҚАРУДЫҢ АҚПАРАТТЫҚ ҚОСЫМШАСЫН ҚҰРУ**

*Аңдатпа*

Мақалада логистикалық ақпараттық жүйені жетілдіру мен оңтайландыруға негізделген өндірістік кәсіпорындар үшін тәуекелдерді басқару моделі және логистика саласында тапсырыстарды және тәуекелділіктерді басқарудың ақпараттық технологиялық қосымшасын құру көрсетілген. Логистикалық жүйенің тұжырымдамасы нақтыланады, сонымен қатар оның жұмыс істеу ерекшеліктері туралы түсінік беріледі. Логистикалық тәсіл тәуекелдерді жіктеуде қолданылады, оның мәні сатып алу, тасымалдау, сақтау және ішкі ішкі жүйені қамтитын логистикалық жүйенің әрбір компонентінде мүмкін болатын қауіп факторларын ақпараттық технологиялық қосымша арқылы анықтау болып табылады. Жіктеу негізінде кәсіпорында тәуекелдерді басқаруды оңтайландыруға бағытталған тиімді логистикалық жүйені қалыптастыру және Visual Studio ортасында C# тілінде бағадарлама құрылуы қарастырылады. Логистикалық шешімдердің салдарын сандық тұрғыдан өлшеу үшін қажетті жағдайлар көрсетілген.

**Түйін сөздер:** Логистика, логистикалық жүйе, C# программалау тілі, Visual Studio.

*Аннотация*

*Л.М. Туkenова<sup>1</sup>, А.Б. Какимсейт<sup>1</sup>*

*<sup>1</sup>Университет Нархоз, Алматы, Қазақстан*

### **РАЗРАБОТКА ИНФОРМАЦИОННОГО ПРИЛОЖЕНИЯ УПРАВЛЕНИЯ РИСКАМИ И ЗАКАЗАМИ В СФЕРЕ ЛОГИСТИКИ**

В статье излагается модель управления рисками для промышленных предприятий, основанная на оптимизации и оптимизации логистической информационной системы и создании приложений информационных технологий для управления рисками и логистических заказов. Уточнено понятие логистической системы, а также концепция ее функционирования. Логистический подход используется для классификации рисков, то есть для выявления возможных факторов риска в каждом компоненте логистической системы, включая закупки, транспортировку, хранение и внутренние подсистемы. Классификация основана на формировании эффективной логистической системы, направленной на оптимизацию управления рисками на предприятии и создании приложения на языке C # в среде Visual Studio. Необходимые условия необходимы для количественного измерения последствий логистических решений.

**Ключевые слова:** логистика, логистическая система, язык программирования C #, Visual Studio.

*Abstract*

### **DEVELOPMENT OF THE INFORMATION APPLICATION FOR RISK AND ORDER MANAGEMENT IN THE FIELD OF LOGISTICS**

*Tukenova L.M.<sup>1</sup>, Kakimsayt A.B.<sup>1</sup>*

*Narxoz University, Almaty, Kazakhstan*

The article outlines the risk management model for industrial enterprises based on the optimization and optimization of the logistics information system and the creation of information technology applications for risk management and logistics orders. The concept of the logistics system is clarified, as well as the concept of its functioning. The logistics




approach is used to classify risks, which is to identify the possible risk factors in each component of the logistics system, including procurement, transportation, storage and internal subsystems. The classification is based on the formation of an efficient logistics system aimed at optimizing the risk management at the enterprise and creating a C # language application in the Visual Studio environment. Necessary conditions are required for quantitative measurement of consequences of logistic solutions.

**Keywords:** logistics, logistics system, C # programming language, Visual Studio.

### Кіріспе

Жалпы бұл мақалада, кәсіпорындағы логистикалық жүйелер мен жабдықтау тізбектеріндегі тәуекелдерді басқару жүйесінің жұмысының негізгі кезеңдері ұсынылған: қажетті ақпаратты жинау, іздеу, бағалау және салыстыру функцияларын қолдану арқылы қауіп факторларын анықтау, сапалық және сандық бағалау жүргізу және проблемасыз логистикалық жүйені құру [1] (сурет 1).



Сурет 1. Логистикалық үрдістердің жоспарлау моделінің сызбасы

Логистикалық процестерді зерттеудің негізгі әдістері, логистика жүйесіндегі ақаулар мен ақаулар қарастырылады: модельдеу, аналитикалық және оңтайландыру. Тәуекелдер ағындары әртүрлі деңгейлерде талданатын логистикалық жүйені ұйымдастыруға технологиялық тәсілдеме сипатталған. Жұмыстың нәтижесі белгілі бір ауыспалылардың тәуекел ағындарының сипатына әсерін көрсететін жеткізу тізбегінің немесе логистикалық жүйенің тиімділігінің моделі болып табылады [2].

Microsoft Visual Studio (сурет 2) қазіргі уақытта бағдарламалаушылар үшін қол жетімді ең күрделі интеграцияланған орта болып табылады. Бұл бағдарламалау тілдері мен интерфейстерінің ұзақ тарихының нәтижесі және көптеген бағдарламалық жасақтама жасау орталарының жетістіктерін біріктірді [3]. Visual Studio – бұл консольдік және графикалық тұрғыдан Windows үшін бағдарламалық жасақтама жасау ортасы.



Сурет 2. Visual Studio бағдарламасы

Жинаққа келесі негізгі компоненттер кіреді:

1. Visual Basic.NET – VisualBasic қосымшаларын жасауға арналған;
2. Visual C ++ – дәстүрлі C ++ тілінде;
3. Visual C # (Microsoft) тілінде.

Қазіргі логистикалық ақпараттық технологиялық қосымша интеграцияланған болып табылады, яғни олар логистикалық концепцияның бірнеше вариантынан құралады.

Олар келесі жүйелердің интеграциясы болып табылады:[2]

1. Логистикалық үрдістердегі қателерді минимум ету;
2. Бағдарламалық жүйеде жылдам жауап беру;
3. Логистикалық үрдістер негізінде тапсырыстарды алу және іздеу.
4. Логистикалық үрдістер статистикалық бақылау;

### Зерттеу нәтижелері. Жаңа жобаны құру


Жаңа жобаны құру Біріншіден, Visual Studio-де ортасында жаңа жобаны жасау құрылды: Негізгі мәзірде Файл> Жаңа жоба (Mac OS-ге CTRL + SHIFT + N; SHIFT + N) тандалынады.

«Приложения Windows Forms» санатын таңдап, «ОК» батырмасы басылады (сурет 3) [3].

1. Бұл шеберді пайдалана отырып, стандартты Visual Studio жобасында бос бағдарлама жасай аласыз. Стандартты жобада, Visual Studio жобасына IDE құрастыру сценарийі қолданбаны құрастыру, жою және іске қосу үшін пайдаланылады.



2. «Жобаның атауы» өрісінде «login» сөзін енгізіңіз. Сондай-ақ, жобадағы компьютердің орналасқан жерін көрсетіңіз. Әдепкі бойынша IDE ішіндегі жобалар үй каталогындағы Visual Studio қалтасына орналастырылады. «Келесі» батырмасын басыңыз [3].



Сурет 3. Жаңа жоба құру

3. Visual Studio бағдарламасы арқылы келесіде (CTRL + ALT + X) батырмасы басып ұяшығындағы «панель элементов» тандаңыз.

Келесіде тандалған элементтер бойынша «Имя пользователя» және «пароль» батырмаларын тандалып, бағдарламаға кіру рұқсатын сұрау құрылады. Бағдарламаның құрылу негізінде «Имя пользователя» батырмасына «User1» және де «Пароль» батырмасына «123456» мәндерін беріңіз. Авторизация бөлімінде «Войти» батырмасы арқылы бағдарламаға кіре аласыз, сурет 4 [3].

#### Нәтижені талдау. Негізгі бетінің реттеуіші


Жұмыс барысы бағдарламаның негізгі мақсаты логистика саласында тапсырыстарды іздеу, қосу және өшіру арқылы әрбір тұтыншының тапсырысын сақтандыру болып табылады. Бұл жүйе бойынша тапсырыстар көп болғандықтан деректер базасын құрамыз.

Деректер базасын «Добавление нового элемента» батырмасын басып, «База данных, основная на службах» батырмасын басыңыз. Тандалған мәзір бойынша «Database1» деген ат беріңіз (сурет 5) [3].



Сурет 4. Бағдарламаға кіру мәзірінің коды.

Form1 бетінің редакторда екенін тексеріңіз. Егер файл ашық емес болса, жобалар терезесіндегі Login жобасының «открыть проект» түйінінің астындағы Form1 файлын екі рет басыңыз. Form1 тересіне кірген соң, келесі сурет бойынша батырмаларды қойыңыз.



Сурет 5. Деректер базасын құру

Келесіде «обозреватель серверов» мәзіндегі «Database1» деректер қорын таңдаңыз (сурет 6) [3].

| Номер заявки | Ф_И_О клиент     | Наименование груза | Вес, кг | Маршрут          | Страхование |
|--------------|------------------|--------------------|---------|------------------|-------------|
| 2            | Жигана Ирина     | Игрушки            | 100     | Алматы - Шымк... | Да          |
| 3            | Антипова Галина  | Хлеб               | 150     | Алматы - Кордай  | Нет         |
| 4            | Петрова Людми... | Цемент м           | 1600    | Алматы - Тараз   | Нет         |
| 6            |                  |                    |         |                  |             |

Сурет 6. Программа интерфейсі

Логистикалық бағдарламалық қамтамасыздандырудың ерекшеліктері:

1. Логистиканы автоматтандыру бағдарламалық қамтамасыз ету кез-келген есепті кезеңдегі тасымалдауды ескереді.

2. Жеткізілім тізбегі логистикасын басқару қосымшалардың шексіз санын есепке алуды қамтиды.

3. Логистиканы басқару бағдарламалық қамтамасыздандыру жүктерді дайындау мен бақылауды автоматтандырады.

Бұл программада көрсетілгендей логистикалық тапсырыстар мен жұмыс жасау болып табылады. Логистикалық тапсырыстарды қосу және іздеу толықтай көрсетілген.

#### Қорытынды

Интеграцияланған логистикалық бағдарламалық қамтамасыз ету қауіпсіздік тетіктерімен жабдықталған Олар деректердің тұтастығын және қол жеткізуді басқаруды қамтамасыз етеді. Логин мен пароль - үшінші тұлғаларға кіруге мүмкіндік бермейтін алғашқы қорғаныс механизмі. Әр қолданушының рөлі болады. Бұл рөл жүйеде пайдаланушының құқықтарын анықтайды. Екінші қауіпсіздік механизмі - аудит. Сіз қандай әрекеттерді және қандай пайдаланушы жасағанын көре аласыз. Логистикалық есеп бағдарламаның негізгі модулінде жүзеге асырылады. Бұл модуль тасымалдау қосымшаларын жасайды. Қосымшаларда барлық қажетті мәліметтер бар, мысалы, тауарлардың сипаттамасы, тасымалдау, шарттар, ескертпелер және т.б. Тұтынушы туралы мәліметтер көрсетілмеген.. IntegratedDevelopmentEnvironment (IDE) Visual Studio әр түрлі сұраныстар үшін кодтардың негізгі басқарудан тыс жоғары деңгейдегі бірқатар мүмкіндіктерді ұсынады.

Visual Studio ақпараттық технологиялық программалау ортасы арқылы логистика саласында тәуекелдерді басқару мақсаттары нақты процестермен байланысты тәуекелдерді жүйелі түрде іздеу, анықталған тәуекелдерді талдау және оларды толығымен жою немесе, ең болмағанда, шекті тәуекелді таңдау деңгейін төмендету және тиісті қауіпсіздік пен кепілдіктерді енгізу болып табылады. Таңдалған тақырыптың өзектілігі, логистикалық тәсілді тәжірибеде қолдану логистикалық қызметтердің кірістілігі мен сапасын едәуір арттыра алатындығында, бұл өз кезегінде компанияға айтарлықтай бәсекелестік артықшылықтар береді. Логистикалық тәсілді қолданумен қатар, логистикалық жүйенің жұмысында тәуекелдерді ескеру қажет.

#### Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1 Ayupov R.K. Risk analysis and risk management in logistics. *Almaty, 2011. 70 p.*
- 2 Kanke A.A., Koshevaya I.P. *Logistics. Moscow, INFRA-M Publ., 2015. 384 p.*
- 3 *Effective C# (Covers C# 4.0), "More Effective C#" by Bill Wagner, 2010, 2008*

## ҚҰРМЕТТІ АВТОРЛАР!

«Физика-математикалық ғылымдары» сериясы, «Хабаршы» ғылыми журналы математиканың, механика мен физиканың, информатиканың, сонымен қатар мектепте, колледжде және жоғары оқу орынында физика-математикалық пәндерді оқыту әдістемесінің өзекті мәселелері бойынша ғылыми-білім беру басылымы болып табылады.

«Хабаршы» журналы Қазақстан Республикасының мәдени және ақпарат Министрлігінде мемлекеттік тіркеуден (Куәлік №4824-Ж, 15.03.2014 ж.) өткен және халықаралық идентификациялық нөмірі (ISSN 1728-7901) бар. ҚР Білім және ғылым министрлігінің білім және ғылым саласындағы қадағалау Комитетінің шешімімен (10.07.2012 ж., №1082 бұйрық) ғылыми қызметтерінің негізгі ғылыми нәтижелерін жариялау үшін Абай атындағы ҚазҰПУ Хабаршы журналы

- физика-математика ғылымдары (математика, физика, механика);
- техникалық ғылымдар;
- педагогика (оқыту және тәрбиелеу теориясы мен әдістемесі /математика, физика, информатика, білім беруді ақпараттандыру) ғылымдарыма мандықтары бойынша басылымдар тізіміне енгізілді.

Журнал "Ұлттық ғылыми-техникалық ақпарат орталығы" АҚ (ҰҒТАО) мәліметтер базасына кіреді және қазақстандық цитаттау базасы (ҚазЦБ) бойынша нәлдік емес импакт факторы бар (<http://www.nauka.kz>).

2009 жылдан бастап Инженеринг және Технология Институтымен (Ұлыбритания) ақпараттық-қолдау қызмет көрсетуге жасалған келісім-шарттың (№2, 12.01.2009ж.) негізінде Абай атындағы ҚазҰПУ «Физика-математика сериясы» бойынша Хабаршы журналында жарияланатын мақалалардың реферативті ақпараты INSPEC электронды мәліметтер қорына енгізіледі.

### **«ФИЗИКА-МАТЕМАТИКА ҒЫЛЫМДАРЫ» СЕРИЯСЫ, «ХАБАРШЫ»ЖУРНАЛЫНА БАСЫЛАТЫН МАҚАЛАЛАРДЫ БЕЗЕНДІРІЛУГЕ ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР**

#### **I. Қажетті материалдар**

1. Жеке өз аттарынан жариялайтын докторанттар, магистранттар және студенттер үшін ғылыми жетекшінің рецензиясы болуы керек.
2. Мақала авторларының саны-4 артық емес.
3. Автор (авторлар) туралы мәліметтерді қамтитын, Хабаршы журналының электрондық Форма толтырылады: тегі, аты, әкесінің аты, жұмыс орны (қала, ұйымның/ЖОО толық атауы және қысқартылған атауы), ғылыми дәрежесі мен атағы, лауазымы, білім алушылар үшін – докторант, магистрант немесе студент, e - mail, байланыс телефоны; мақалаға аннотациялар, 3 тілдегі түйінді сөздер.

#### **II. Мақаланы безендіру ережесі**

Мақала мәтіні Word редакторында бірлік интервал арқылы терілу керек; .Парақ пішімі : 210 x 297 mm (A4); Жоғары, төменгі, оң жақтағы, сол жақтағы өрістер: – 2 см; Мақала беттері нөмірленбейді; 5.Шрифт: Times New Roman (қазақ, орыс, ағылшын тілдері үшін) – 11 пт; жоларалық интервал – бір; абзацтың бірінші жолының шегінісі-0,5 см.; Word редакторында орындалған суреттер объект ретінде қойылуы керек; Мақала мәтіні ені бойынша форматталуы керек.

#### **III. Формула жазуға қойылатын талаптар**

Формуладағы символдардың өлшемдері : обычный – 11 пт, крупный индекс – 6 пт, мелкий индекс – 5 пт, крупный символ – 24 пт, мелкий символ – 4 пт (математикалық редактор Equation).

**IV. Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:** Мақалада пайдаланылған әдебиеттер мәтінде пайдалану ретіне сәйкес қолжазбаның соңында келтіріледі. Мақаладағы әдебиетке сілтеу квадраттық жақшада беріледі, мысалы, [1], [2,3], [4-7].

#### **V. Мақаланың түрі**

1. Сол жақ жоғарғы бұрышында бас әріптермен МРНТИ (жартылай қарайтылған, кегль №10);
2. Сол жақ жоғарғы бұрышында бас әріптермен ЭОЖ (жартылай қарайтылған, №10 кегль);
3. Курсивпен, жартылай қарайтылмаған кіші әріптермен (№11 кегль) ортада автордың (авторлардың) аты-жөні мен тегі; Жоғарғы индекспен автордың жұмыс орны (бірнеше авторлар болған жағдайда) сәйкестігін көрсетеді.
4. Бір бос жолдан кейін курсивпен автор (авторлар) жұмыс істейтін ұжым және қаланың аты (кегль №11);
5. Бір бос жолдан кейін жартылай қарайтылған бас әріптермен, шрифт Cambria (кегль №11) мақала аты;

6. Бір бос жолдан кейін мақалаға үш тілде (қазақша, орысша, ағылшынша) **100-150 сөзден** тұратын қысқаша андатпа (кегль №10);
7. Бір бос жолдан кейін үш тілде **6-8 сөзден** тұратын түйін сөздер (кегль №10);
8. Бір бос жолдан кейін мақала мәтіні (кегль №11);
9. Мәтіннен кейін екі бос жол тастап кіші әріптермен әдебиеттер тізімі (кегль №10). Бірлік интервал. Тізім нөмерлері нүктесіз.

#### **VI. Мақалаларды жариялау тілдері – қазақ, орыс, ағылшын тілдері.**

Редакцияға түскен мақалаларға білім саласы бойынша мамандар мен ғылымдар пікір береді. Пікір негізінде редакция алқасы авторға мақаланы тағы да толықтыруға (түзетуге) ұсыныс жасауы, не мүлдем қайтарып беруі мүмкін. Бұрын жарияланған немесе басқа баспаға жіберілген мақалалар қабылданбайды. Мақала көлемі 5-7 бет. Көлемі 7 беттен артық болған жағдайда журнал редакциясымен хабарласып келісулері қажет. Мақала мәтініне енетін иллюстрациялардың, сұлбалардың және кестелердің көлемі мәтіннің жалпы көлеміне кіреді.

Мақаланы дайындау және жариялау бойынша пайда болған барлық сұрақтар бойынша журнал редакциясына хабарласыңыздар.

**Мекен-жайы:** Алматы қаласы, Төле би 86 көшесі, Абай атындағы ҚазҰПУ, Математика, физика және информатика институты.

**Жауапты хатшылар:** +7 707 7268828, +7 707 1754132

e-mail: [Vestnik.KazNPU.FMS@gmail.com](mailto:Vestnik.KazNPU.FMS@gmail.com)

### **УВАЖАЕМЫЕ АВТОРЫ!**

Научный журнал «Хабаршы» КазНПУ им. Абая, серия «Физико-математические науки» является научно-образовательным изданием по актуальным вопросам математики, механики и физики, информатики, а также информатизации образования и методике преподавания физико-математических дисциплин в школе, колледже и вузе.

Решением Комитета по контролю в сфере образования и науки Министерства образования и науки РК (Приказ №1082 от 10.07.2012 г.) Вестник КазНПУ им. Абая, Серия «физико-математические науки» включен в *Перечень изданий, рекомендуемых Комитетом по контролю в сфере образования и науки Министерства образования и науки Республики Казахстан* для публикации основных результатов научной деятельности по следующим направлениям:

- физико-математические науки (математика, физика, информатика, механика);
- технические науки;
- педагогические науки (теория и методика обучения и воспитания/математика, физика, информатика, информатизация образования).

Журнал входит в базу данных АО «Национальный центр научно-технической информации» (НЦНТИ) и имеет ненулевой импакт фактор по казахстанской базе цитирования (КазБЦ) (<http://www.nauka.kz>).

С 2009 г. действует Договор с Институтом Инжиниринга и Технологий (Великобритания), на оказание информационно-сопроводительных услуг, согласно которому реферативная информация о статьях, публикуемых в Вестнике КазНПУ имени Абая, вносится в электронную базу данных INSPEC.

### **ТРЕБОВАНИЯ К ОФОРМЛЕНИЮ СТАТЕЙ, ПУБЛИКУЕМЫХ В ЖУРНАЛЕ «ВЕСТНИК. СЕРИЯ ФИЗИКО-МАТЕМАТИЧЕСКИЕ НАУКИ»**

#### **I. Представление необходимых материалов**

1. Для докторантов, магистрантов и студентов, публикующихся единолично, представляется рецензия научного руководителя.
2. Количество авторов статьи - не более 4.
3. Авторами заполняется электронная Форма Вестника, содержащая сведения об авторе (авторах): фамилия, имя, отчество, место работы (город, название организации/вуза без сокращений и сокращенное название), ученая степень и звание, должность, для обучающихся – указывается: докторант, магистрант или студент, e-mail, контактный телефон; аннотации к статье, ключевые слова на 3-х языках.

## **II. Правила оформления статей.**

Текст статьи должен быть набран в редакторе MS Word через одинарный интервал; Формат листа: 210 x 297 mm (A4); Поля: верхнее, нижнее, правое, левое – 2 см; страницы статьи не нумеруются; Шрифт: Times New Roman (для каз., рус. и англ. языков), размер - 11 пт; межстрочный интервал – одинарный; отступ первой строки абзаца – 0,5 см.; Рисунки, выполненные в редакторе Word, должны быть вставлены как объект (сгруппированы); Текст статьи должен быть отформатирован по ширине.

## **III. Требования к написанию формул**

Формулы вставляются в текст статьи как объект MS Equation. Размеры символов в формулах (Equation): обычный - 11 пт, крупный индекс - 6 пт, мелкий – 5 пт.

**IV. Список использованной литературы**, составляется по ходу упоминания ее в тексте и приводится в конце рукописи. Ссылки на литературу в тексте указываются в квадратных скобках, например, [1], [2,3], [4-7]. Перечисление без точки в конце страницы. Количество ссылок не должно превышать 15 наименований.

## **V. Вид статьи**

1. МРНТИ в левом верхнем углу прописными буквами (полужирным, кегль №10);
2. УДК в левом верхнем углу прописными буквами (полужирным, кегль №10);
3. Курсивными, не полужирными прописными буквами (кегль №11) по центру инициалы и фамилия автора (авторов); Верхним индексом указывают соответствие месту работы автора (в случае нескольких авторов).
4. Через одну пустую строку указать название организации и город, в котором работает автор (авторы) курсивом (кегль № 11));
5. Через пустую строку по центру полужирными прописными буквами, шрифт Cambria (кегль №11) название статьи;
6. Через пустую строку аннотации **в 100-150 слов** в кратких предложениях на 3-х языках (кегль №10).
7. Ключевые слова по тематике, **6-8 слов**, на трех языках (кегль №10);
8. Через пустую строку текст статьи (кегль №11);
9. Список использованной литературы, указывается после текста статьи, через две пустые строки строчными буквами, курсивом (кегль №10). Интервал - одинарный. Нумерация списка без точки.

**VI. Языки издания (вещания) статей** - казахский, русский, английский. Поступившие в редакцию статьи рецензируются 2 ведущими специалистами и учеными по отраслям знаний. На основании рецензии редколлегия может рекомендовать автору доработать статью или отказать в публикации. Рукописи статей, опубликованных ранее или переданных в другие издания, не принимаются. Рекомендуемый объем статьи - не менее 5 и не более 7 страниц. В ином случае вопрос по объему статьи необходимо согласовать с редакцией журнала. Иллюстрации, схемы, таблицы, включаемые в текст статьи, учитываются в общем объеме текста.

По всем вопросам, связанным с подготовкой, представлением и публикацией материалов, необходимо обращаться в редакцию журнала.

**Адрес:** г. Алматы, ул. Толе би 86, КазНПУ им. Абая, Институт математики, физики и информатики

**Ответственный секретарь:** +7 707 7268828, +7 707 1754132

**e-mail:** [Vestnik.KazNPU.FMS@gmail.com](mailto:Vestnik.KazNPU.FMS@gmail.com)